

**Оңтүстік Қазақстан облысы дін істері басқармасы
«ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»**

**ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(АТТ мүшелеріне арналған әдістемелік құрал)**

ШЫМКЕНТ 2016

ӘОЖ 2
Қ 22

Редакция алқасы: А.Төлегенов, М.Бесбаев, Ф.Тайтелиев

Бұл кітапша 13.07.2016 жылы №15-04-15/И-546 хат негізінде ҚР Мәдениет және спорт министрілігі Дін істері комитетінің дінтану сараптамасы арқылы мақұлданды.

Қ 22 «Қазіргі таңдағы дінтану мәселелері» (АТТ мүшелеріне арналған әдістемелік құрал). Шымкент: «Аламан береке» ЖШС баспасы, 2016. – 64 бет

ISBN 978-601-80599-7-1

АТТ мүшелеріне арналған әдістемелік құрал дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтардың, оның ішінде, арнайы бекітілген мүшесінің тиісті орта арнаулы және жоғары оқу орындарының арасында дін саласына қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізуі үшін дайындалған.

Материалда ақпараттық түсіндіру топ мүшесінің (мүшелерінің) жұмыс жүргізу негіздері, зайырлылық принциптері, керіғар діни ағымдардың ерекшеліктері мен таным-түсініктері, сонымен қатар қолданылатын әдебиеттер тізімі қамтылған.

ӘОЖ 2

ISBN 978-601-80599-7-1

Оңтүстік Қазақстан облысы
Дін істері басқармасы
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» МКМ

Әдістемелік құралдың мазмұны мен мақсаты

ОҚО-ның Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» МКМ-нің ғалым-теологтары тарапынан жазылған еңбек. Әдістемелік құрал атына сай мақсатты көздегендіктен АТТ мүшелерінің жергілікті халық басынан өткізіп отырған аталған өлке, аумақ, елді мекендеріндегі діни ахуалға қатысты мәселелерді терең түсініп, жіктеп, саралап, сараптай білуіне көмекші құрал ретінде жазылды. Алғашқы этаптарда осындай мақсатта методологиялық тез үлгісіне сай жарияланған әдістемелік құралдарға карағанда мұнда мерзім талабына орай және діни ұғымдар мен атаулар, терминдер қолдану мен оларға түсіндірмелер, анықтамалар, жаңа фактілер ендіру тұрғысынан біршама өзгертулер, толықтырулар ендірілді.

Егемен елдің «Тәуелсіздік тұрғырын» мықтай түсу үшін, осы қасиетті мұратқа үндеген, Ата-бабалардың қанымен жазылған құтты жәдігерлерден бастап Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың әлем жұртына, жалпы түркі дүниесіне, күллі мұсылман үмметіне қала берді Қазақстан азаматтарына Ислам дінінің адамзатқа ортақ рухани ағым-құндылық қызметін оның бейбітшілік, ынтымақ, бірлік, дін, ұлтаралық келісімнің толерантты, тағатты ұстанымдарын әйгіліп түсіндіру, оны күнделікті тұрмыс қажеті бағытындағы бағалы ойларын мәселеге орай сабақтадық. Ондағы негіз – ел, ұлт, халық, мемлекет өзегіне жан бітіріп, дәуірлер сынына төтеп беруге дайындаған, сөйтіп аталған тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық, рухани-мәдени құрылымдардың заман талабына сай жетіліп, дамып отыруына, әлемдік жаһандану мен геосаяси ықпалы күрделенген бүгінгі күнгі құрлықаралық, еларалық, мемлекетішілік түрлі деңгейлер мен мәртебелерге ие қарым-қатынастардың әлем мойындаған қалыбын құруға бас тұғыр, өмірлік өзек болған құрандағы көрсетілген әділдікке, шындық-ақиқатқа, шынайы сенім, білім, өнер, мәдениет мақсатының адамзатқа ортақ ұйыстырушысы, қорғаушысы, мәңгілік жолбасшы-байрағы бейбітшілік пен бейбіт қатар өмір сүруді дәріптеу.

Сондықтан кітапша Қазіргі таңдағы дінтану мәселелері атауымен ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін түсінігі өте өзекті әрі бірінен екіншісін ажыратып жалаң баяндауға келе бермейтін, әлемдік діни үрдістердің ықпалынсыз өмір сүруі неғайбіл ұғымдардың күрделі буындарын қамтиды. Олар ұғымдар, тұжырымдамалар, анықтамалар ретінде аталған мекеменің танымал ғалым-теологтары А.Төлегенов, Н.Тұрсынбай, М.Бесбаев, Ф.Тайтелиев, Д.Оспанов, Ұ.Алиакбарұлы сияқты мамандардың қатысуымен сараланған, сарапталған (ҚР ДІК-нің мақұлдауымен). Ғылыми негіз, факті, айғақтық деректері сілтемелерде көрсетілген. Еңбектегі айтылған мәселе, деректерге қатысты ойлар әрі оның Қазақстандағы дін саясатына байланысты мемлекеттік ұстаным, заңдар, нормативтер аясынан шығып, өзге бағытты дәріптемейтіні керісінше Елбасы саясаты-айқын жол ретінде, Республика заңдары мен адам құқығын сеніміне, тіліне, нәсіліне қарамай теңдік-әділдік қазығы қызметі, теологиялық ой-пікірлер терең зерделеу, салыстыру,

сараптау принциптері мен жоғарыда көрсетілген ұстанымдар аясында баяндалғаны мәтінінің өне бойынан анық көрініп тұрады.

Кітапшада қамтылған тақырыптар жоғарыда жеке-жеке көрсетіліп, арнайы мақсат тұтылған межелерге алып баратын ұғымдар мен ұстанымдардың мазмұнынан шығарылған, туындаған атаулар. Әрине, әдістемелік құрал монографиялық кең көлемді деректер мен фактілерді тұтас қамтыған еңбек емес. Мұндай мақсатты әдістемелік құралдың көлеміде баяндау әдіс-тәсілдері де көтермес еді. Алайда АТТ мүшелерінің жоғарыда аталған құзырлы мекемелердің мемлекеттік саясатты жүргізу, халыққа түсіндіру жұмысында бірнеше жыл қатарынан ерекше мән беріліп, қажетті мағлұмат, директивалар, нұсқаулықтар, ғылыми сараптамалық теологиялық еңбектермен кинофильм, бейнетаспа, ұнтаспа, кітапшалар, парақшалар сияқты жеткілікті көлемдегі көмектер мен қолдауға ие болып отырғанын ескерсек олар жалаң теріс ұстанымдар мен әдейі ұйымдастырылатын кездейсоқ «беймәлім» құбылыстардың сырын аша білуге қабылетті болуы керек деп ойламыз. Бұл елдікті, ұлттықты, мемлекеттілікті, тәуелсіздік тұғырын сақтаудың мемлекеттің, үкіметтің жауапты құрылымдарында сынап, халыққа ұсынып отырған жолы. Ол біздің бәріміздің бүтін қазақстандықтардың бақытты болашағының кепілі!

Әдістемелік құралды пайдалану тәртібі

Төмендегі екшелген пункттердің әрбірінің кеңейтілген мәтіні әдістемелік құралда бар. Әдістемелік құралдың әрбір бөліміне сай қажетті материалдар құралда қарастырылған. Мына пункттердегі іріктелген тұжырымдамалар ерекше көңіл аударуды талап етеді.

1. Әдістемелік құралдың мазмұны мен мақсатында көрсетілгенге орай Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Тәуелсіздік тұғырын» мықтай түсу үшін мемлекеттік құрылымдардың әлемдік геосаяси ықпалдастықтар аясындағы қарым-қатынастарды, Ата заңда көрсетілгендей, құқықтық-демократиялық принциптерге сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету басты мақсат.

а) Құқықтық-демократиялық принциптер бойынша: барлығы Конституция мен заңдар аясында, діни сенім мен қызметтер бойынша ол ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын (№ 483-IV 11.10.2011 ж.) басшылыққа алу.

2. Н.Ә.Назарбаевтың: «Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды» - дегені: «Біздің елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына заманауи нәр беретін өркенді діни сана қалыптастыру міндеті тұр» - деп ұғынылады. Мұны бірінші кезекте, жоғарыда айтылғандарға орай, радикализм, экстремизм, терроризм зардаптарын болдырмауды қамтамасыз ете алатын бірегей, биік тұғырлы заманауи діни сана платформасын елдің шынайы дәстүрлері мен мәдени нормаларына сабақтастыра қалыптастыра білу деп топшалау керек. Ол үшін жолнұсқа ретінде а) дін саласындағы мемлекеттік саясат; ә) мемлекет пен дін және діни ұйымдардың құзыры мен мәртебесі аясындағы өзіндік және өзара қарым-қатынастардың шегін нақты танып, көрсету.

Ескерту: Халықтың бірлік-ынтымағына, тарихи-мәдени, әлеуметтік рухани құндылықтарына Қазақстандағы ар-ұждан, сенім бостандықтарына, этностаралық, конфессияаралық қарым-қатынастарда төзімділік пен тағаттылыққа жас қауымды үнемі тәрбиелеп отыру тетіктерін дұрыс пайдалана отырып, серіктесе қызмет ету Елбасы тарапынан ұсынылған.

3. Мемлекеттің – құқықтық-демократиялық принциптерге негізделген еліміздегі зайырлылық ұстанымы интеллектуальдық қоры мол, ұлттық рухани-мәдени құндылықтар кешенін заманауи өрелі пайымдар мен халық қасиет тұтқан ұғымдар аясында қоғам өміріне жаңаша форматты ендіреді. Мемлекеттің зайырлығы а) бейтараптық, ә) тәуелсіздік б) бостандық (ар-ұждан және діни сенім) пиринциптерін сақтай отырып, діни қағидалар мен ережелердің құқықтық қайнар көзі ретінде әркімнің өз қалауына, діни наным-сеніміне, өмірлік ұстанымына орай қоғам өмірінің үйлесімді қарым-қатынасына, халықаралық келісімдер мен міндеттемелердің креативті үлгіде орындалу мүмкіндіктеріне, ұлттың, мемлекеттің өрелі пайым-парасат ауанында өркениетті, индустриялды даму қажеттілігін қолдап қана қоймайды оны бүкіләлемдік жаһандану үдерісінен аман сақтап, геосаяси ықпалдастықтар ағынында саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, рухани-діни азат болумен қатар түрлі бәсекелестіктер додасында бес қаруы сай жүйелі, тұтас құрылым етеді.

4. Әдістемелікте (III бөлім) дін ұғымына арнайы анықтама берілді. Мақсат құдай ісі мен қоғам ісіндегі діннің ортақ ұғымы трансценденттік пен дүние әлемдік арақатынастарда қарама-қайшы, теріс пайымдардың қоғам өмірінде орын алмауын қамдастыру. Ислам ілімінің уасати (орта ұстаным) мақсаты мен мұратын дұрыс ұғынған қоғамда, Алла тағаланың пендеге көрсеткен шынайы жолы – бейбіт қатар өмір сүру, қайырымды, зорлықсыз, әділетті, ізгі қоғам орнату басты мұрат, негізгі талап, ең биік мақсат әрі дүние-әлем тыныштығы мен дамудың кепілі ретінде орнығуы тиіс. Міне, діннің екі әлемнің ортақ тынысына сай ұғымы.

Дінді еріккеннің ермегіне айналдыру саясатын ұстанушылар қоғамда түрлі келеңсіздіктер тудырып отыр. Радикалдық, экстремистік, террористік ұйымдар құру арқылы қорқыныш, үрей отын үрлеп, әлемді қайта бөлініске салу саясатын жүргізе беретіні анық. Онымен күрес арамызда мәдени-рухани, діни-әлеуметтік жіктер тудырудың қандай түріне болса да қарсы халықтың иммунитетін қалыптастыру әрекеті жоғарыда көрсетілгендей заң аясында, біріккен күшпен елдің, ұлттың ынтымақ, бірлігін сақтап, мемлекет тұғырын мықтай түсумен сабақтаса жалғасуы тиіс.

5. Құралда «Дін істері басқармасының» басшылығымен «Әлеуметтік бастамалар орталығы» жаңа атауы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» мамандары Қазақстан халқының бірлік, ынтымағына діни уағыздар немесе сондай атаумен түрлі діни-саяси күрделі де күлбілте ойлар мен мақсаттарға жастарды тартумен айналысатын беймәлім топтардың зиян келтіруін болдырмау үшін шынайы ахуалдың бүгінгі бейнесін анықтау, олардың түп-тамырын, мақсаттарын ашықтау, қолданатын тәсілдері мен айла-амалдарын талдау, жеке ұйымдардың уағызының салдарын саралау, сараптау шараларын тыңғылықты жүргізіп келеді. Қажетті материалдар дайындау, халыққа тарату, қоғамда діни ұғым, ұлттық сана, рухани-мәдени креативті ұстаным жобасының жаңа заманға ылайық форматын қалыптастыруды жалпыға ұғынықты, ұлттық, мемлекеттік талаптар мен заңдар аясында белсенді атқарып келеді. Демек, орталық тарапынан жолданған материалдар өте салмақты, сенімді, әсіресе, «топтарға» талдау, сараптау нәтижелері бойынша берген анықтамалары ерекше ескерілуі маңызды. Мысалы, жоғарыда көрсетілген «дін» немесе «миссионерлік» анықтамалары біздің елдің мүддесіне сай болғандығымен ғана емес, ондағы қамтылған элементтер, құбылыстың жасырын сыры жалпы адам қоғамында креативті ақыл-парасат пен шынайы шындық, ақиқат, әділдік, бүкіл әлемдік үдерістердің терең мәнін ескергендігімен де ерекшеленеді.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН

Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр.

Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінің шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз.

Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс.

Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты.

Бүгінгі, интернет пен жоғары технологиялар ғасырының, ақпараттар тасқындаған заманында, «сүзгі» адамның ақыл – санасы мен білім, тәжірибесінің «сүзгілік» қызметі аса белсенді пәрменге ие болуы керек.

Ішкі «сүзгі» сұрақтар қойып отыруға тиіс: аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз тегі белгісіз бүркеншікке оранып алып, басқа халықтардың киімін кигені бізге керек пе? Бізбен бір дастарқанда отырып тамақ ішпеуге тиіс пе? Көлік жүргізбеуі керек пе? Мұның бәрі – басқа елдердің заман ағымынан алыс қалған ескі әдеттері, ескілікте орныққан дәстүрлері. Исламның түп қазығы-сүннилік мектеп-ханафи мәзһабы исламдағы ең әуелгі мәзһаб жолын таза ұстанып, бүгінде Қазақстан атанып, өзге көрші сүннилермен бірге түркі әлемінің озық ой, білім-ғылым, өнер, мәдениет негіздерінің тағылымын Ұлы далада паш етті. Бабалар мұрасын оқыңыздар, ұлттық ойдың биік парасатын байқап, фильмдерді көріңіздер, классикалық жауһарлардың әлемге үлгі болған туындылардың қалай, кім үшін және неліктен осылай биік парасатқа, ақиқатқа, әділдікке құрылғанын түсінерсіз!

Біздің әйелдерде ұлттық тектілік, қалыптасқан киіну стилі бар, оны олар ибалылықпен ұстана біледі және біз, ерлер, әйелдердің осы қасиетін ұлттық игіліктер әдет-ғұрып, дәстүр құндылығы ретінде ескеріп, әспеттей бермейтініміз де рас.

Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын сүнниттерміз.

Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген.

Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.

Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда.

Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Елбасымыздың аталмыш тақырыптағы – XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін-жариялылығына ой көзімен қарайық:

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде діни ұстанымды зайырлы қоғамның көрігінде сұрыптап қолдану дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек.

Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына заманауи нәр беретін өркенді **діни сана** қалыптастыруымыз керек. Біз өзін өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз. Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды.

Мемлекет пен азаматтар **радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің** барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы **біртұтас шеп** құруға тиіс.

Діни экстремизм қаупі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде.

Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек.

Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына қарама-қайшы.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық іс-әрекет жасырынып жатыр.

Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Бұл – біздің мемлекеттігіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі.

- Біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек.

- Біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді механизмдерін жасауымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетін қатаң түрде тыйып отыру қажет.

- Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет.

- Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде араағайындық жасауға дайын болуымыз керек.

Біздің мемлекетіміздің **зайырлы келбеті** – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты.

Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар **айқын** түсінуге тиіс.

Үкіметке менің Әкімшілігіммен бірлесіп, **Діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама** дайындауды тапсырамын.

Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс.

Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек.¹

I. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫ, ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Осыған орай еліміздің «Дін істері комитеті» мұны әрі қарай таратады:

Дін және діни ұйымдардың іс-әрекеті саласындағы мемлекеттік саясаттың басты мақсаттары мен қағидалары мемлекеттің ар-ұждан бостандығына қатысты азаматтардың конституциялық құқығын қамтамасыз ету міндетінен туындайды әрі жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы мемлекет пен конфессиялар арасындағы қарым-қатынастың дамуына ықпал етуі тиіс.

Қазақстан Республикасындағы дін және діни ұйымдардың іс-әрекеті саласындағы мемлекеттік саясаттың басты мақсаттары:

- Дінге деген көзқарасына қарамастан барлық азаматтардың ар-ұждан және сенім бостандығына, олардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, діни ұйымдар еркін іс-әрекет ететін құқықтық жүйе құру;

- діни бірлестіктердің бейбіт түрде қатар өмір сүруіне жағдай жасау, әр түрлі діни сенім өкілдері арасында өзара төзімділік пен ұстамдылықтың сақталуына ықпал ету;

- қазақстандық қоғамның бірлігі мен тұрақтылығына, оның рухани-адамгершілік қабілетінің сақталуына және нығаюына ықпал ету;

- ғаламдастыру жағдайында конфессияаралық қарым-қатынастардың жарасымдылығы үшін рухани және мәдени байланыстарды қалыптастыру және күшейту.

Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу қағидасы

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан

- мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауы;
- мемлекеттің діни бірлестіктерді қаржыландырудан бас тартуы;
- мемлекеттік діни немесе атеистік идеологияның болмауы, мемлекеттік (міндетті) діннің немесе мемлекеттік (міндетті) діни бірлестіктердің болмауы;
- мемлекеттің діни, дінге қарсы, атеистік идеялар мен ілімдердің насихатын жасаудан бас тартуы;
- мемлекеттің азаматтардың дінге қатысты ұстанымын қадағалауда ұстауы немесе олардың діни ерекшелігі тұрғысынан есепке алудан бас тартуы;
- діни бірлестіктердің мемлекет істеріне араласпауы, оларға қандай да бір мемлекеттік қызметтерді атқаруға тыйым салу, сондай-ақ бірлестіктердің саяси партиялар мен саяси қозғалыстарға қатысуына тыйым салу.

Ар-ұждан және намым-сенім бостандығын қамтамасыз ету қағидасы

Мемлекет әрбір азаматқа:

- дінге деген көзқарасына, діни немесе зайырлы бірлестіктерге мүше болу-болмауына қарамастан, әрбір адам мен әр азаматқа олардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік беру;
- діни, діни емес (индифферентті) және атеистік көзқарасты таңдау құқығын беру;
- өз дінін немесе сенімін өзгертуге, өз дінін немесе өз намым-сенімін оңашада ұстануға, ілім іздеуге, Құдайға құлшылық етуге және діни және салт-дәстүрлік рәсімдерді орындауға мүмкіндік беру;
- азаматтарды саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда діни сенімдеріне байланысты кемсітуге жол бермеу;
- діни бірлестіктердің (қауымдастықтардың) бостандығына құқық беру;
- өзінің қандай да бір дінге немесе діни ұйымға жататыны туралы мәліметтерді жариялауда азаматтардың еркіне бостандық беру.

Діни төзімділік қағидасы

Тұлғаның діни сенімін өзі айқындау құқығының мемлекет тарапынан мойындалуын, қоғамның мәдени-діни плюрализміне құрметпен қарауын, кез келген діни ұстанымдарын қабылдауға дайын болу және оларға алдын ала қарсы болмауын нақтылайды.

Діни ұйымдардың автономды болу қағидасы

Мемлекет тарапынан діни ұйымдардың өз бетінше ұйымдасып, өз басқару жүйесін құру, қағидалық немесе басқа да діни ережелерге сәйкес діни іс-әрекет ету түрін анықтау құқығын мойындауды, мемлекеттік органдардың дін қызметкерлерін тағайындауға (орнынан алуға) қандай да бір жолмен ықпал етуін жоққа шығаруды білдіреді.

Дінге сенушілер мен діни қызметкерлердің теңдігі қағидасы

Әр түрлі діни сенімдегі дінге сенуші азаматтар мен діни бірлестіктерге бірдей құқықтық жағдай туғызу, олардың әрекет етуіне тең құқықтық кепілдік беру және жасаған құқық бұзушылықтары үшін бірдей жауапкершілік жүктеуді білдіреді.

Мемлекет пен діни бірлестіктердің әріптестігі қағидасы

Зандық тұрғыда бөлек екеніне қарамастан мемлекет пен діни бірлестіктер қоғамға пайдалы ортақ мақсаттар жолында біріге алатынын көрсетеді. Екі жақты әріптестік салалары: рухани-адамгершілік тәрбие және мәдениет, әлеуметтік қорғау, бейбітшілік пен әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ендеше, мемлекет пен діни ұйымдар дінаралық диалог орнатуда, түрлі ұлттар мен конфессия өкілдері арасында өзара түсіністік пен төзімділік ахуалын қалыптастыруда өзара тиімді әріптес бола алады.

Дін және діни бірлестіктердің іс-әрекеті саласындағы мемлекеттік саясатты әр түрлі мемлекеттік органдар өз құзіреттеріне сай мынадай жолдармен жүзеге асырады:

- мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің іс-әрекет етуін құқықтық және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету;

- мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен ынтымақтастығын жетілдіру;

- жалпы мемлекет көлемінде және елдің жекелеген аймақтарында ар-ождан мен дін еркіндігіне ие болу құқығын жүзеге асыру, конфессия аралық қарым-қатынастар, діни жағдайдың даму бағыттарын анықтау, діни бірлестіктердің қоғам өміріндегі рөлі мен азаматтардың дінге және діни бірлестіктерге көзқарасын тұрақты түрде зерттеу мақсатында діни бірлестіктерді мониторингтен өткізу жүйесін құру;

- мемлекеттік қызметкерлерді дінтану маманы бойынша және құқықтық тұрғыдан дайындау жүйесін қалыптастыру;

- мемлекет пен конфессиялардың ара-қатынасындағы түйіткілді мәселелерді зерттеу ісіне ғылыми органы (әлеуметтанушыларды, саясаттанушыларды, дінтанушыларды, философтарды, психологтарды, заң ғылымы мамандарын) тарту және дін және діни бірлестіктер саласындағы ғылыми зерттеулерге қолдау білдіру.²

Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғым мен мәні

ҚР Президенті 2006 ж. 1-наурызында халыққа арнаған көп салалы, көп мәнді тұжырымдамасында:

«Зайырлылық» термині қазіргі таңдағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және мемлекеттік өміріндегі жаңа ұғым.

Заманауи бағытта «зайырлылық» ұғымы төмендегідей мағына береді:

- мемлекеттің кез келген дінге бейтараптық танытуы;

² (Агенство по делам религий Республики Казахстан. Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религий. Методика по осуществлению мониторинга деятельности религиозных объединений в Казахстане. Астана: 2012)

- мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіз болуы, сондай-ақ діннің мемлекеттен тәуелсіз болуы;

- ар-ұждан және діни наным-сенім бостандығы, дінді үйрену және оны сынау еркіндігі;

- қандай да бір ресми діннің болмауы, одан соң әрбір тұлғаның өз қалауына орай кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінге мойынсұнбау құқығы;

- қандай да бір діннің не конфессияның ықпалынан тыс мемлекеттік мектептердің болуы.

Зайырлылықтың мәнін үш ауыз сөзбен тұжырымдауға болады:

- бейтараптық (мемлекет пен мектептердің);

- тәуелсіздік (мемлекеттің діннен, діннің мемлекеттен);

- бостандық (ар-ұждан және діни сенім).

Әйтсе де, зайырлылық – дінге қарсылық емес. Зайырлылық діннің мемлекетті өз ырқында ұстауына жол бермейді әрі мемлекеттің дінді ауыздықтауына тосқауыл болады.

Мемлекеттік-құқықтық салаға қатысты сөз болғанда, зайырлылық дегеніміз – мемлекеттік немесе қоғамдық институттардың, қоғамдық өмір салаларының жалпы азаматтық бағытын айқындап, олардың діни тыйымнан немесе қысымнан, діни бірлестіктерден және олардың ықпалынан тәуелсіз болуы.

Мағынасы жағынан зайырлылыққа ұқсас ұғым «**діни төзімділік**» деп аталады, оның мәні – басқа діндерге төзімділік таныту, олардың өздігінше өмір сүру құқығын мойындау. Сондай-ақ бұл терминге «кез келген адамның басқа дінді ұстанушыға сабырмен қарауы» деп анықтама беруге де болады.

Жоғарыда айтылғанның бәрі – зайырлылық, яғни одан туындайтын қоғамның зайырлы сипаты – діни сенімі, пікір-көзқарастары мен ұстанымдарының әралуандығына қарамастан барлық азаматтардың бір шаңырақ астында тату өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сондықтан да қоғамның зайырлы сипатын әрі игілік, әрі қажеттілік деп түсіну керек.

Қазіргі таңда жер бетіндегі барша мемлекеттердің екі түрге бөлінетіні белгілі: зайырлы және теократикалық (Ватикан, Сауд Арабиясы, Иран және т.б.).

Зайырлы мемлекет дегеніміз – мемлекеттің құқықтық – демократиялық конституциялық сипаты. Оның мәнін тарқатып айтар болсақ:

- ресми, яғни баршаға міндетті діннің болмауы;

- діни қағидалар мен ережелердің құқықтың қайнар көзі ретінде мойындалуын жоққа шығару және олардың мемлекеттік органдар қызметіне ықпал етуін болдырмау;

- діннің мемлекеттен бөлінуі, бірақ олардың өзара ықпалдастықта болуы;

- қоғамдық өмірдің түрлі салаларында тұлға, мемлекет пен діни ұйымдардың мүдделерін ұштастыру мақсатында діни бірлестіктердің өзара бірдей дәрежеде болуын, азаматтардың дінге деген көзқарасына қарамастан олардың ар-ұждан бостандығы мен тең құқықты болуын қамтамасыз ету;

- қандай да бір дінге қатысты ұстанымды қалыптастыруды көздемейтін мемлекеттік білім беру тәлім-тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты;
- өз құзыреттерін барлық азаматтарға таратуды көздейтін діни соттардың болуын жоққа шығару.

Зайырлы мемлекеттің басты сипаты ретінде баршаға міндетті діннің болмауы саналады.

Ал зайырлы мемлекетке қарама-қайшы сипатқа ие мемлекет түрі теократиялық деп аталады.

Теократикалық мемлекеттің басты сипаттары төмендегідей:

- жаппай міндетті діннің болуы;
- діни бірлестіктердің саяси жүйе құрамында болуы әрі оның өзегі саналуы;
- діни көшбасшы немесе діни көшбасшылар тобы мемлекеттегі ең жоғары лауазымға ие болып, мемлекеттік билік органдарын басқаруы және саяси мемлекеттік биліктің құзыретіне ие болуы;
- діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі;
- діни бірлестіктердің мемлекеттік органдар қызметіне араласуға немесе олардың қызметіне ықпал етуге құқылы болуы.

Күнделікті саяси өмірде Қазақстан қашан да көпұлтты және көпконфессиялы сипаты бар зайырлы демократиялы мемлекет қандай да бір діннің үстемдігіне жол бермеуі керек деген жолды ұстанады. Бірақ мемлекет осы жерде тарихи сабақтастық тұрғысынан орнаған негізгі конфессияларды естен шығарған емес және көпконфессиялық тепе-теңдіктің сақталуына мүдделі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев айтқандай: «Біз барлық діндердің тең құқылылығына кепілдік береміз және Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеміз. Біз Исламның, басқа да әлемнің және дәстүрлі діндердің озық үрдістерін құрметтеп әрі дамыта отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнатамыз»³

Ескерту: Ақпараттық-түсіндіру топтың мүшесі аталған тақырыптың аясында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу ҚР Конституциясының және ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының өзге нормаларына да назар салуы тиіс.

Зайырлылық Қазақстандық қоғамның рухани дамуының кепілі туралы айту үшін Қазақстан Республикасының конфессиялық саясатын, қазіргі діни ахуал бойынша бірқалыпты қалыптасқан жағдайын, оның ішінде, Қазақстан Республикасында дінаралық және дінішілік өзара арақатынастың қалыпты түрде дамып келе жатқандығын, Қазақстан Республикасының Әлемдік және дәстүрлі діндердің лидерлері съездерін өткізгендігін, сондай-ақ «Қазақстан халқы Ассамблеясы» атты институттың жемісті жұмыс жасап жатқандығын және өзге де әлемде елеулі іс-шараларды жүргізіп жатқандығын тілге тиек ету керек.

³ ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» 2006 жылғы 1 наурыз.

II. АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ТОБЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Ақпараттық-түсіндіру тобының мақсаты:

Елді мекендерде жоғары және арнаулы орта оқу орындарында құрылған ақпараттық-түсіндіру топ құрамын оқыту және солар арқылы елді мекендерде халық арасында мемлекеттік идеологияны насихаттау бағытында діни төзімділікті нығайту, дәстүрлі діндерге сыйластықпен қарау, жастардың діни мәдениетін көтеру, мемлекеттік идеологияға кері әсер етуші дәстүрлі емес келімсек діни ағымдардан жастарды арашалау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, теріс ойлы кері ағымдардың әртүрлі іс-әрекеттеріне қарсы ұлттық рухани иммунитетті көтеру болып табылады.

Ақпараттық-түсіндіру тобын құру мақсаты арқылы мынадай негізгі міндеттерді жүзеге асыру ұсынылады:

1. Тұрғындардың әртүрлі топтарының дін саласындағы негізгі түсініктерін қалыптастыру, сонымен қатар азаматтардың мемлекеттік саясат туралы ақпараттандырылуын арттыру, тұрғындардың Қазақстандағы конфессияаралық келісімді және діни қарым-қатынас саласындағы мемлекеттік саясатты қолдауын қамтамасыз ету;

2. Азаматтардың дін саласындағы құқықтық сауат деңгейін көтеру арқылы олардың құқық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

3. Конфессияаралық және ішкі конфессиялық мәселелер негізінде орын алуы мүмкін әлеуметтік шиеленістердің алдын алу және ескерту;

4. Азаматтар арасында гуманизм қағидаттарын, толеранттылық пен қазақстандық қоғамның рухани бірлігі идеясын қалыптастыру және тарату;

5. Тұрғындарды Қазақстандағы діни бірлестіктер мен ағымдардың қызметтері туралы, сонымен қатар дәстүрлі діндердің қызметінің мән-мағынасын ашып көрсету мен ақпараттандыру;

6. Қоғамда жалған сипаттағы діндердің және радикалдық ұйымдар мен ағымдардың заңсыз және дәстүрлі емес идеяларының таралуына тосқауыл қою;

7. Қоғамда діни экстремизм мен терроризмді насихаттайтын идеологиялардың таралуының алдын алу.

8. Діни радикалдық идеологияны жақтаушылардың, оның ішінде түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілердің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оларды қоғамдық орта мен дәстүрлі діннің құндылықтарына қайтару, бейімдеу және оңалту.

2. Ақпараттық-түсіндіру тобының құрылымы және оның құрамына қатысты талаптар

АТТ келесідей түрлерге бөлінеді:

1) Облыстық деңгейде;

2) қалалық және аудандық деңгейдегі АТТ (тиісті әкімдіктер тарапынан қалалық және аудандық ішкі саясат бөлімдерінің келісімі бойынша құрылады).

АТТ құрамына бірінші кезекте діни білімі бар және мемлекеттік идеологияны жүзеге асыратын мақсатты аудиториямен жұмыс істеуге қабілетті білікті мамандарды тарту көзделеді.

Атап айтқанда, АТТ құрамына келесідей мамандарды тарту қажет:

1) Ғылыми сарапшылар, зиялы қауым өкілдері, дінтанушы, әлеуметтанушы, психолог ғалымдар;

2) Орталық және жергілікті атқарушы органдардың (дін істері басқармасы және бөлімдерінің қызметкерлерін), сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерін;

3) Дін мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйым өкілдерін, қоғамдық пікір жетекшілері мен Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдерін;

4) Заңнамалар, оның ішінде діни қызмет саласындағы заңдар бойынша құқықтық кеңес бере алатын және түсіндіруге қабілетті білікті заңгерлерді;

5) Білікті теологтарды, дәстүрлі діни бірлестіктердің өкілдерін.

Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу бағытында облыс көлемінде жүргізіліп отырған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (бұдан әрі – ҚМДБ) немесе Дін істері басқармасы өкілдерінің, теолог-исламтанушылардың әлеуетін тарту ұсынылады.

Халықпен өткізілетін ақпараттық-түсіндіру бағытындағы шараларда діни бірлестік өкілдері мен теологтардың өздерінің жеке басына ғана тән діни сенімдері мен діни бірлестіктің қызметін насихаттауына айналдырып жібермеуіне мұқият назар аудару қажет. Дәстүрлі діни бірлестіктердің өкілдері өз жұмыстарын қоғамдағы толеранттылық пен конфессияаралық келісім қағидаттарын нығайтуға, және әртүрлі сипаттағы жалған діни ағымдардың радикалдық идеяларының теологиялық қателіктері мен деструктивті мәнін ашып көрсетуге жұмылдырулары керек.

Дәстүрлі діндердің өкілдері тұрғындар арасында пікірталас тудыратын діни мәселелер бойынша (мемлекеттік-конфессиялық қатынастар, білім беру мекемелерінде діни киімдер кию, діни атрибуттарды тағып жүру, мемлекеттік мекемелерде діни жораларды өтеу, некеге тұру, исламдағы ер адам мен әйел арасындағы қарым-қатынас және т.б. мәселелер) өз пікірлерін мемлекеттің зайырлы қағидатын және еліміздің қолданыстағы заңнамаларын сақтау желісінде білдіргені жөн.

Аудандар мен ауылды жерлерде кәсіби дінтанушылар мен теологтар болмаған жағдайда, облыстық деңгейдегі АТТ құрамының көшпелі қызметін ұйымдастыру қажет.

Ақпараттық-түсіндіру топтарының дербес құрамын жоспарланып отырған іс-шараларды, АТТ мүшелерінің мамандықтарын және үгіт-насихат жұмыстары бағытталатын нысандардың өмір сүру ортасын ескере отырып анықтау қажет. Осы тұрғыдан алғанда өмірдің әртүрлі салаларына

маманданған кәсіби сарапшыларды енгізе отырып АТТ құрамдарын кеңейтіп отырған жөн.

Түзеу мекемелерінде экстремистік немесе террористік ұйымдарға және деструктивті сипаттағы жалған діни ағымдар мен радикалдық идеяларды таратуға қатысы бар жазасын өтеушілермен, сондай-ақ радикалдық пиғылдағы діндарлар арасында кешенді жұмыстар жүргізе алатын дінтанушыларды, теологтар мен психологтарды қосу керек.

3. Ақпараттық-түсіндіру тобының мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуі

АТТ қызметі олардың құзіретіне ішкі саясат, діни ахуалды бақылау және діни бірлестіктермен қарым-қатынас мәселелері енетін биліктің жергілікті атқарушы органдарымен тікелей өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асырылады.

АТТ қызметін ұйымдастыру ісінде жергілікті мемлекеттік органдарға ұсыныстар:

1) ақпараттық-түсіндіру топтарының пәрменді қызмет атқаруы үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау (кеңсемен қамтамасыз ету, іс-шараларға тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік топтарының өкілдерін шақыру);

2) түсіндіру жұмыстарының тұрғындарды теңдей қамтуына және мақсаттылығына қолғабыс ету;

3) ақпараттық-түсіндіру топтарына тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету және оларды конфессиялық саясат мәселелеріне арналған мазмұнды ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету (брошюралар, парақшалар, буклеттер және т.б.);

4) ақпараттық-түсіндіру топтарын талдау материалдарымен сүйемелдеу және АТТ қызметін БАҚ-тарда, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында кеңінен жарыққа шығаруды қамтамасыз ету;

5) АТТ басшылары мен мүшелерін жүйелі түрде оқытуды ұйымдастыру;

6) АТТ мүшелерімен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілетін сауалдарға мониторинг және талдау жүргізу және олардың шешімін табуына көмек көрсету.

АТТ басшылары мен мүшелерінің жүргізіліп отырған жұмысқа жауапкершіліктерін арттыру мақсатында ОҚО Дін істері басқармасы атқарылған іс-шаралардың есептерін мерзім сайын тындап отыру ұсынылады.

4. Ақпараттық-түсіндіру топ қызметінің бағыттары

АТТ қызметі тұрғындардың санасында елдегі дін саласында орын алып отырған оқиғалардың толық көрінісін аша баяндауға бағытталған ақпараттық-түсініктемелік сипатқа ие. Осыған орай, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының пәрменділігін арттыруға мүмкіндік беретін АТТ қызметінің негізгі бағыттары:

1. Конфессияаралық келісімді насихаттау

2. Діни және құқықтық сауаттылықты көтеру
3. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу

5. Ақпараттық-түсіндіру топ жұмысының формалары мен әдістері

АТТ қызметінде мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін бағамдай отырып, іске асырылып отырған идеологиялық жұмыстың формалары мен әдістерін жетілдіру мен жаңарту маңызды орын алады.

Форма – ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының мазмұнынан туындайтын ақпараттық-түсіндіру тобының құрылымы, түрі, ұйымдастыру тәсілі.

Әдіс – ақпараттық-түсіндіру тобының үгіт-насихат, ақпараттық-түсіндіру жұмысының алға қойып отырған нақты мәселелерін шешуді көздеген әдіс-тәсілдер жүйесі, іс-әрекеттерінің жиынтығы.

6. Ақпараттық-түсіндіру топ жұмысының негізгі формалары мен әдістері

АТТ қызметін ұйымдастыруда келесідей ұстанымдарды басшылыққа алу қажет:

- 1) қызмет бағыттарының тұтастығы, жүйелілігі мен кешенділігі;
- 2) үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарының әртүрлі формаларының өзара әрекеттестігі мен бірін-бірі толықтыруы.

АТТ жұмысының әдістерін таңдауда мақсатты аудиторияның ерекшелігін және ақпараттық-түсіндіру жұмысының мақсатты бағытталуын ескеру өте маңызды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қолданбалы мақсатта АТТ жұмысының ең пәрменді формалары мыналар:

- интерактивті семинар-тренингтер;
- баспасөз-конференциялар;
- дәрістер;
- алдын алу және сақтандыру сипатындағы ақпараттық материалдарды тарату (буклеттер, брошюралар және т.б.);

III. ДІН ҰҒЫМЫНА АНЫҚТАМА

“Дін” сөзінің тілдік және терминдік мағынасы

Филологтар “дін” сөзінің арабша “дәйн” түбірінен шыққан түбір сөз немесе есім сөз деп қабылдайды. Жәухари діннің “әдет”, “жағдай”; “жаза”, “сыйлық”; “мойынсұну” сияқты басты мағыналарға келетіндігін айтады.

Дін – адамды туралық пен әдемілікке жетелейтін жол. Адамды өз жаратылысы мақсатына сай жетілдіретін ілім.

Дін – адам өмірін тәртіпке келтіретін жүйе. Адамды шындыққа жеткізетін жарық. Дүние мен ақыретте бақытты болу жолдарын көрсететін ереже мен қағидалар жинағы болып табылады.

Дін – илаһи ережелер, соларға сүйенген дүниетаным, көзқарас, өмірлік әдептер мен әдеттердің жиынтығы.

Дін – ақыл иелерін өз қалауларымен жақсылыққа және бақытқа жеткізетін Алланың үкімдері. Және де халықтың жеке адамның өз қалауымен істеген істерінің жақсылық пен бақытқа алып баруына кепілдік беретін жол, әрі заң деген ұғымды білдіреді. Демек, діннің шарты - әуелі ұлы ақиқатқа шынайы сенім, білім, ақыл және қалау арқылы ұмтылу. Сондықтан жансыздар, өсімдіктер, жануарлар, жындылар, ақыл-есі ауысқандар, сәбилер діндегі үкімдерді орындауға жауапты емес. Өйткені ақылы болмағандарда қалау және таңдау мүмкіндігі, еркіндігі де болмайды.

Жоғарыдағы анықтамадан “дін” сөзі мен “ислам” ұғымдарының арасында айқын сәйкестік барын көруге болады. Сондықтан жалпы мағынада ислам “мойынсұну”, “құтылу” сияқты мағыналармен бірге “сенім және бейбітшілік” мағыналарына да келеді. Дін – жаһандық геосаяси қатынастардың қай деңгейінде де адамдар арасында алауыздық пен талас-тартыстардың алдын алып, бейбітшілікке кепілдік беретін әділ заң. Дінде тек қана адамдар арасында емес, адамдар мен Алла арасында да келісім және бейбітшілік бар. Мысалы: әлімсақтан мұсылман болу. Мұның өмірлік ғаламдық мәні зор. (А.Төлегенов).

«Құран Кәрімде Исламнан басқа да сенім жүйелеріне, тіпті мүшріктердің сенгендеріне де дін аты берілгеніне көңіл бөлсек (Әл-Кәфирун 6-аят), жоғарыдағы анықтамалардың жалпы діндердің анықтамасы емес тек қана «хақ дін» үшін берілген анықтама екенін көреміз. Бұл анықтамалардан шығатын ортақ мағыналардың түйіні діннің бастауы Алладан болуы. Бұған қарағанда нағыз дін негізі мен ұстындары иләһи қағида, үкімдердің таза бастауларынан алынып, тарихи - әлеуметтік ортада дұрыс жүйеленіп, қалыптаса отырып, адамзаттық-ғаламзаттық жалпыға ортақ мүдде мен мақсатқа жұмыс істеуі шарт. Сонымен діннің адамдарды өз еркімен жақсылыққа бағыттайтын жалпы социумдық та жеке – уникалдық та заң мен жүйе екенін айтуға болады.

Дін – әлемтану, жаратылыстану, қоғамтану, адам және оның күллі ықылым мен геосаяси, этнографиялық орталарында түрлі дәуірлерге қатысты ақыл-сана дағдысын, өмірсүру білігі мен тәжірибесін, қалып-дағдысын қалыптастырып, оны үздіксіз танытып отыратын трансценденттік иләһи құбылыс – Алланың жарлығы, кереметі!

Дін ұғымындағы мәннің сипаты әлеуметтік – тарихи ортада адамзат-ғаламзат үндестігі, күллі адамзаттық ортақ құндылықтар- адамжандылық, гумандылық, әділетті-демократиялық құқықтар жүйесі. Бейбітшілік, қайырымдылық, адалдық, таза ниет пен адами асыл мінез құлық қатынастарын негіздейтін құндылықтар қайнары, сұлулыққа, білімге, өнегелі өнерге, өмір сүруге құштарлық, жаратылысқа сүйсіну, ата-ана, бауыр-туыс, дос-жаранға құрмет сезім-түйсіктерін оятушы құдыретті күш. Ол қасиетті сенім тірегі, - жаратушы Хакқа мойынсұндыру арқылы адамзатқа ортақ әділетті теңдік орнатты, жаратылыс пен жаратушылық құпия сырына, сондай-ақ, баршаға ғашық-махаббат сезім түйсігін сыйлаған Алла тағланың мәңгілік сыйы, сәлемі!» (А.Төлегенов Діни ұғымдарға анықтама...)

Қасиетті кәләмулланың адам рухын шындап, адамзатты аздырмас асыл жолға салған киелі де жүйелі қызметін жан-санаға сәуле етіп қабылдаған халықтар қатарында қазақ та одан өшпес өнегелік киелі даналықтар мен дария таным, тағлым, тамыры терең ой-сана, кетілмес ақыл-парасат, ғылым білім негіздері мен өрелі өнер, жүйелі тіршілік көзінің мәңгілік қайнар бұлағын еншілеген халық.

Айтары бар ма, тарихты парақтасаңыз, жер үсті, жер асты тіпті ислам кеңістігінде орын тепкен құбылыстарға зер сала қарасаңыз оларға қазақ ұғымында берілген сипаттама, баға, ұғым аясындағы қазақы дүниетаным, көзқарас, ой-зерде қуатын танысыз. Бұл мыңжылдықтар тезінен өткен ұлттық пайым-парасаттың айнасы іспетті киелі құбылыс. Ұлттың аласарып, азып-тозып кетпеуіне негіз болып тұрған алтын ұстын- темір қазық та осы. Осылардың қай-қайсысының да тегін тексерсеңіз оның өзегінде діннің жарығы, асылы ханифтік таным-ұстаным жатқанын көресіз» - дейді теолог ғалым Ф.Тайтелиев.

Әр түрлі діни үрдістердің тілдегі көріністері

«Түрлі діни үрдістердің қандайының да қадір-қасиеті тіл арқылы сақталып, ұстанушы ортада тарала алатыны түсінікті. Сондықтанда олардың қасиетті тілдерінде дін ұғымында қолданылатын сөздердің өзіндік мән-мақсаты мен ерекшеліктері бар. Бірақ, бұл тілдердің ешқайсысында Исламдағыдай “дін” ұғымын терең қаузап алатын кең көлемдегі биік те терең танымдық сөз қуаты жоқ. Яхудилердің Ибрани тілінде “abodath elohim” (Иләһи ғибадат) сөзі діни термин – діни ұғым ретінде қолданылады. Бұл сөз құлшылық орнындағы ғибадат (ғибадат, құрбан және дұға) мағынасында келіп, әуелгі нұсқаларда ибранилерге (яхудилерге) иләһи, ханифтік негізде, яғни, Құранмен негізі бір хабар ретінде келгендігін көрсетіп тұр. Дін үшін кейде “yig-ah” (үрей, қорқу), “emanath” (аманат) сияқты құдайлық сенімді білдіретін түсінік аясындағы терминдер де қолданылады. Кей жерлерде “dath elohim” (тәңірдің білімі) және “tora” (тәңірден келген нәрсе) дін сөзіне балама ретінде айтылады. Тек қана Пехлеви тілінде “заң, үкім, әмір” мағыналарына келетін “daath” сөзі дін үшін жалпы термин ретінде күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Ежелгі грек тілінде дін, қорқу әрі құрмет мағыналарын қамтитын “thriheya” сөзі қолданылады.

Үндістердің санскрит тілінде дін мағынасына келетін “dharma”, ал пали тілінде буддизмнің “dhamma” түріндегі атауы діни ұғымда қолданылады. “Dharma” сөзінің “дін, ақиқат, туралық, заң, дәстүр, негіз” сияқты мағыналары да бар. Бұл мағыналардың бір бөлігі Үнді тілінде қолданылады, бір бөлігі тек Буддизмге тән. Үнділердің қасиетті кітабындағы “rta” мен “dharma” түсінігі арасында ұқсастық бар. “Rta” ескі діни өлеңдердегі көк тәңірі Варунаның заңы. Үнділерде “құтылуға алып баратын жол” мағынасына келетін “marga” сөзі қолданылады. Бүгінде Қытайларда дін мағынасында “chung chiao” (ченг чиау) сөзі қолданылып келеді. Тао сөзі Чу патшалығынан бері “жол, әдіс, жүйе” мағынасында қолданылса, Конфуциден бұрынғы кезеңдерде бұл сөздің қолданылу мағынасы, алғашқы әрі жалғыз

әрбір нәрсенің содан пайда болғандығына сенілуі керек нәрсе. Жапондардың Буддизмнен бұрын ұстанған діндері үшін қолданылған “шинто” сөзі Қытай тіліндегі жақсы нәрселер үшін қолданылған “шен” және “тао” сөздерінің бірігуінен шыққан және “тәңірлердің жолы” мағынасына келеді. Қазіргі кезде Жапондар бұл мағынада “камино-мичи” тіркесін қолданады. Барлық діндердегі “дін” түсінігі үшін қолданылған сөздер жалпы мына мағыналарға келеді “жол, сенім, әдет, байланыс, құлшылық”. Бұл сөздердің барлығы адамның ішкі дүниесімен тығыз байланысты» - деп саралайды теолог Д.Оспанов.

Түркі халықтарындағы қолданылып жүрген “дін” сөзі араб тілінен келгендігі белгілі. Исламнан бұрын түркі халықтары дін ұғымы ретінде әртүрлі кезеңдерде “дрм”, “дарм”, “нам”, “ден” сияқты сөздерді қолданғаны жайлы көптеген деректер бар. Тәңір: дингир, тингир, сына (клинопис) жазуы, шумерлер жәдігерліктері осы жазу негізіне сүйеніп онымен астасып жатыр.

IV. МИССИОНЕРЛІК

Жалпы жер бетіндегі діндер дәстүрлі және дәстүрлі емес болып екіге бөлінеді. Дәстүрлі діндер, әдетте әлемдік масштабта қанат жайғаны мойындалады. Әлемдік діндер – Ислам, Буддизм және Христиандық, яғни бұлар бүкіл әлемге өз діндерін тарату әрекетінде тұрғындардан жалпылық қолдау тапқан, мәдени, әлеуметтік, тарихи тамырлы институттар құруға мүдделі діндер. Алайда бұл жолда бұл үш діннің әлеуметтік-тарихи орнығу үрдісі, ханифтік дін негіздеріне көзқарасы үкім-қағида орнығуында қолданатын әдістері бірдей емес. Христиандар Ислам мен Буддизмнен ерекшеленіп, дінін жаюды көп бағытты әрбасқа жүйелерге бағындырылған миссионерлік негізінде жүргізеді.

Миссия - латын тілінің “Missio” сөзінен келеді және «міндет, орындалуы тиіс тапсырма» деген мағынаға келеді⁴. Демек миссионерлер белгілі бір орындалуы тиіс тапсырмамен жіберілетін адамдар. Аты айтып тұрғандай **адамдарды христиан сеніміне қандай да бір амалдармен алдап, арбап ендіруді міндетті деп білетін миссионерлік** Исламдағы тек қана естіртуді мақсат тұтатын тәблиғ-уағыздан мүлде басқаша. Бүгінгі таңда христиандар миссионерліктің жағымсыз мағынасы мен тарихынан қашқақтап, миссионерлік сөзінің орнына «евангелизация» және басқа да терминдер қолдана бастады.

Қазақстан жеріндегі миссионерліктің тарихы

Шамамен VII-шы ғасырдан бастап қазақ жеріне Христиандықтың Нестури мәзһабы түрінде келе бастаған христиандар, миссионерлік әрекеттер жүргізіп келеді. КСРО дәуіріне дейін бабаларымыздың берік имандары, КСРО дәуірінде коммунисттердің езгісі кедергі болып, айтарлықтай

⁴ Қараңыз. Antonin-Marcel Henry, “Mission”, Dictionnaire des Religions (DR), Paris 1983, 1114-1115

нәтижеге жете алмаған миссионерлер, Кеңес Одағы ыдырағаннан бері белсенді жұмыс істей бастады.

2000 ж., 24 желтоқсанда сөз сөйлеген Рим папасы: «Бірінші мыңжылдықта Европаны, екінші мыңжылдықта Африканы христианға айналдырғандарын, үшінші мыңжылдықта кезек Азияға келгенін» жариялаған болатын⁵.

Қазақстанда миссионерлік әрекет жүргізіп жатқан христиан ағымдары:

- Ресей Православие христиандары
- Батыс, Европа миссионерлері (католик, протестант; евангелист, баптист, адвентист және т.б. ағымдар)
- Иегова куәгерлері ұйымы (бұлар өздерін шынайы христианбыз деп айтады, алайда сенім негіздері христиан көзқарасына мүлде қайшы.)

Христиан миссионерлер

Миссионерлер Хазіреті Исаның «**Күллі халықтарға барындар! Оларды менің шәкірттерім қылып тәрбиелеп, Құдай Әкенің, Рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіндер**»⁶ сөзіне сүйеніп әрекет ететіндіктерін алға тартады. Бірақ неліктен екені белгісіз, аяттағы «тәрбиелеу-үйрету» сөзін бағзы-біреулер уағыздау деп түсінудің орнына адамдарды христиандыққа қалай да кіргізу деп пайымдаған екен. Алайда Хазіреті Исаның өзі (ғ.с.) өзіне келген ақиқатты уағыздаумен шектеліп, өз борышының шектеулі екендігін түсіндіруге тырысқан. Осылай, бірде өзінен жәрдем сұраған бір әйелге: «Мен тек адасып кеткен қойларға ұқсас Исраил халқына ғана жіберілгенмін»,⁷ - деп жауап берген болатын. Тегінде Інжілдегі дағуатқа байланысты айтылғандар тек қана үйрету мағынасында айтылған. Қалғаны Павлусқа⁸ тиісті сөздер. Сондықтан да алғашқы дәуірдегі христиан дағуатын тәблиғ (яғни естірту, жеткізу) деп атауымыз керек және миссионерліктің кейін шыққандығын ұмытпауымыз керек.⁹

Миссионерлердің тәрбиеленуі

Ағылшын миссионері Mr. John айтады: «Миссионерлер бала күнінен бастап, арнайы білім алып, арнайы тәрбиеде дайындық көреді. Ол үшін жыл сайын бастауыш сынып оқушыларынан зейінді, алғыр балалар таңдалып алынады. Дайын болған кезде көбінесе Ислам өлкелеріне жіберіліп, ондағы

⁵ Айтунч Алтындал, Ватикан ве Тапынак Шөвалиелери (Ватикан және Құлшылықхана Серілері), Анкара 2002, 7, 37-42 беттер.

⁶ Матай Інжілі 28/19-20

⁷ Матай Інжілі, 15/24

⁸ Христиан дінінің Исадан кейінгі тұлғасы. Алғашында Христиандарды қырып жоюға ат салысқан Павлус аяқ астынан христиан болып, христиандықта үкім беретін дәрежеге жеткен.

⁹ «Түркиядағы миссионерлік», (Türkiye'de Misyonerlik) Түркие Дилер Тарихи Дернеги Иайынлары, Анкара 2005, 24-б.

консулдыққа апарып табысталады».¹⁰ Оларға Шығыс адамдары надан, артта қалған, мәдениеттен жұрдай, тек қана миссионерлерге зар болып отырған адамдар деп танытылады.¹¹ Барған жерінде олар халықтың естігісі келетін нәрселерді айтып, өтіріктер, жалғандық жолымен болса да адамдарды христиан сеніміне ендіруге дайын болып барады.

Миссионерлердің мақсаттары

Негізгі мақсаттары өз сөздеріне қарасақ:

А. Ескі құлшылықханаларын қайта қалпына келтіріп, жаңаларын салу

Ә. Сол құлшылықханалары арқылы адамдарды өз діндерімен таныстыру

Б. Осылайша өз сенімдері бойынша Исаның екінші келуіне жер бетін даярлау

Бұл мақсаттарды хауарилерге¹² және алғашқы христиандарға жарастыра алармыз. Алайда миссионерлік жүйесі пайда болғанынан бастап, мақсаттары әрқашан діннің сыртына тасып, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан барған жерлерінің зиянына, келген жерлерінің пайдасына жұмыс істеуде.

А. Миссионерлік және Империализм

Өз мемлекеттері надандыққа батып жатқанда миссионерлердің Африкада, Азияда сабылып жүруі жерасты байлығымыздан басқа нәрсе үшін емес екендігі көрініп тұр. Бұл жолда олар дәуірінің ең мықты мемлекеттерінің көмегін алып отырған. 12–ші ғасырдан бері ең ірі миссионерлік ұйымдардың арқа сүйерлері алғашында Португалия, Испания, кейінірек Франция және Германия, одан берірек Ұлыбритания және Германия, ал соңғы жылдары АҚШ болып отыр.¹³

Крест жорықтары айтарлықтай нәтиже бермеген соң христиандар жергілікті ұлттық «мәдениетке сіңісу» әдісі арқылы істі басынан бастаған сыңайлы. Ол үшін христиан мейрамдарын, христиан мәдениетін сіңістіруге тырысуда.

Өздері де сенбейтін жалған діндеріне адамдарды алдап-арбап тартқанымен қоймай, олар нәтиже ала алмаған жағдайда тым құрымаса мұсылмандарды өзара қырқыстыруға тырысатыны анық байқалып отыр. Ұлт сефератизмін, мәзһаб фанатшылдығын тудыру олардың ең үлкен қарулары және жемісті нәтиже беріп отырған айтулы тәсілдері. Бұл мақсаттарымен олар өз араларында да жемтікке таласады. Мәселен протестант христиан басқалардың католик немесе православ болып христиан дінін қабылдауына ешуақытта разы болмайды. Себебі әр мәзһаб перде артынан бір мемлекеттен әмір алып отыр. Мәселен Православ миссионерлерді Ресей, Католик миссионерлерді Европа, Протестант бағытын АҚШ қолдап, қорғап отыр. Ал

¹⁰ И.С. Сырма, Миссионерлік, ("Misyonerlik", Sosyal Bilimler Ansiklopedisi), Стамбул 1990, III, 41

¹¹ Мустафа Халиди - Өмер Феррух, Ислам өлкелерінде миссионерлік және империализм ('Islam Ülkelerinde Misyonerlik ve Emperyalizm', çev. Osman Şekerci,) Стамбул 1968, s.52

¹² Иса пайғамбардың заманында Оған ерген мұсылмандар.

¹³ Өмер Туран «Евразия Географиясында Миссионерлік әрекеттер» (Avrasya Coğrafyasında Misyonerlik Faaliyetleri), Ankara, ? – б.

АҚШ-тың өзін перде артынан билеп отырған және сол арқылы әлемнің көп жеріне үкімін жүргізіп отырғандар Яһудилер мен Бозренді Англо-Саксон протестанттары (Wasp-White Anglo-Saxon Protestants).¹⁴

Христиандардың бұл мақсаттарын Кенияның (Африка мемлекеті) алғашқы Премьер министрі Камао Кениятта мына сөздерімен керемет жеткізген: «Миссионерлер жерімізге келген кезде Інжіл олардың қолында, жер африкалықтардың қолында еді. Бізге көзімізді жұмып дұға қылуды үйретті. Көзімізді ашқан кезде Інжіл біздікі, жер олардікі болып кеткенін көрдік!»¹⁵

Ә. Миссионерлік және Орианализм¹⁶

Европалықтар (яғни христиандар) Шығысты жабайы деп, ал өздерін үстем этнос (ақ сүйектік каста ұғымы) деп есептейді. Джон Вестакл «Халықаралық Құқық Негіздері» атты кітабында артта қалған халықтарды басып алып, билеу керектігін алға тартады.¹⁷

Шығысты бағындыруға бағытталған бұл Орианализм негізінде миссионерлерге, миссионерлер қанаушылыққа қызмет етіп келеді.

Б. Жеке бас пайдасы

Жинаққа енген мақалаларды дайындаған авторлар: А.Төлегнеов, М.Бесбаев, Ф.Тайтелиев, Д.Оспанов, Ұ.Алиакбарұлы діни ахуалдың әлемдік әрі Республика көлеміндегі фактілер мен мысалдарда мақсатты түрде дәлелді сілтемелер жасай отырып, еңбектің мәнін, салмағын, мақсатын барынша халыққа түсінікті тілмен баяндауға күш салды, зор еңбек етті.

Жеке басының пайдасы үшін миссионер болып жүргендер де бар. Сіңірген еңбегі үшін «Хамелеон» лақабын алған ағылшын миссионері William G. Palgrave тек қана жеке пайдасы үшін Жизвит (Христиан ағымы) миссионер болып өзінің протестант отанына қарсы жансыз болған. Жизвиттер уәделескен сыйақысын бермегені үшін қайтадан протестант болған. Бұл қауесет емес, ешкім сұрамаса да өз аузымен мойындаған шындығы¹⁸.

Бүгінгі күні Қазақстанда христиандықтың елімізге кейінгі жылдары келімсектер арқылы келген жаңа ұйымдары миссионерлер арқылы кең таратылуда. Лютерандар, баптистер, методистер, меннониттер, 7. күннің адвентистері, пентекостал шіркеулері, пресвитериандар, елуліктер, мун шіркеуі, виссериан шіркеуі, евангелистер, Йеһоуа куәгерлері деп тізбектеп санап шыға алмайсың. Сektатанумен шұғылданатын мамандардың ой кімнің, кімнен қалай шығып жатқанын санап санына жете алмай жүргенін мойындайды. **Жалпы, сектология ғылымы елімізде әлі қалыптасқан жоқ**

¹⁴ Бұлұтай, «Ұлт және Дін», 165-166 –б., ; www.relworld.com

¹⁵ Бұл тақырыпта кеңірек мәлімет үшін қрнз.: www.bayzan.net

¹⁶ Шығысты арнайы зерттеумен айналысатын ғалымдар ұйымы

¹⁷ Edward Said, Orientalism, Стамбул 1991, 328-б.

¹⁸ Henry H. Jessup, «Сириядағы 53 жыл» (Fifty Three Years in Syria), New York 1910, 295-б.

десек артық болмас. Бұл дәл бүгінгі күні өте өзекті һәм аса қажетті ғылым саласы.

Енді, бұрмаланған діннің, фәнилердің қол сұғуына ұшырап, рухани қанау қолшоқпарына айналған нахақ секталардың әрекетінің адамзатқа қаншалықты зиянды бола алатынын нақты мысалдармен келтірейік:

Африканың кіндігінде орналасқан Уганда еліндегі Канунгу қалашығында 18 наурыз 2000 жылы «Құдайдың 10 бұйрығын жаңғырту» (Restoration of the Ten Commandments of God) христиан сектасына мүше 500-ден астам адам өздерін өртеп өлтірген. Секта көсемі **Джозеф Кибветере** (Joseph Kibweteere) секта мүшелерінің бәрін бір салтанатты рәсімге шақырып, дастарқан дайындаған екен. Жас балалар мен көпшілігі әйелдерден құралған өзін-өзі өлтіру жамағаты шіркеудің есік-терезелерін жауып, алдымен діни әндер айтып, билеп, сонсоң өздерін өртеп жіберген. Өрт өшіру қызметі анықтағандай, суицид амалы барысында мүшелер арасында жанжал болмаған. **Джозеф Кибветере** «31 желтоқсан 1999 жылы қиямет қайым болады, барлық мүліктеріңді сатыңдар», деп үгіттеген. Айтылған уақытта еш нәрсе болмаған соң ол болжамын 31 желтоқсан 2000 жыл деп өзгертеді. Бұл да болмаған соң араға бірнеше ай уақыт салып, пенделерімен массалық суицидті ұйымдастырады. Уганда Сыртқы істер министрі **Амама Мбабази** (Amama Mbabazi) баспасөзге берген сұхбатында үкіметтің осы секта жөнінде мағлұматы болмағанын, егер болғанда тиісті шараларды алдын ала қолдануға болатындығын айтқан. Ол, сонымен қатар, діни жамағаттарды бақылауды күшейтудің қажет екенін білдірген. Уганданың солтүстігінде 1980-ші жылдары қалыптасқан «Киелі Рух қозғалысы» (The Holy Spirit Movement) деп аталатын христиан сектасы да жүздеген адамдарды өзін-өзі өлтіруге итермелеген-ді...

Адастырушы діни ағымдар мен секталардың қаншалықты қауіпті һәм кесапатты екенін көрсететін жуық тарихта болған тағы бір мысалды айталық: АҚШ азаматы христиан көсемі **Джим Джонс** (Jim Jones) 1957 жылы «Халықтың ғибадатханасы» (The People's Temple) деп аталатын сектаны құрады. Ол өзін **Иса Мәсіх** пен **Лениннің** тіріле бірікен қосындысы санайтын, ядролық қырғын ұйымдастыруды көздейтін. Өзіне бағынған адамдармен бірге Оңтүстік Америкадағы Гуянаға көшіп барып, өз атындағы **Джонстаун** (Jonestown) деген қалашық салады. Осы жерді екі жыл мекендеген ол 1978 жылы 638 ересек және 294 жас өспірім, жиыны 932 мүридіне цианид ішіп өлуді бұйырады. Бұйрықты орындамағандарды атып өлтірген. Сонда, **Джонсты** және оның мүридтерін өз өздерін өлтіруге итермелеген қандай күш, қандай сенім еді? Осыншама жүздеген адамның ішінен ақыл-есі сау бір кісінің де табылмағанын қалай түсіндіреміз? Әрине, бұл дін психологтары мен дін социологтарының зерттеу тақырыбы. Біздің айтпағымыз, қандай теріс дін болса да, көр-соқыр сенімнің дүлей күшінің орасандығы...

АҚШ-тың Техас штатындағы Вако елді мекенінде 1993 жылғы сәуірде болған қанды қырғын күллі әлем жұртшылығының назарын аударған-ды. Бұл жерде христиан секта көсемі **Дэйвид Корештің** (David Koresh) фермасы

орналасқан. **Кореш** мұнда 80 мүридiмен¹⁹ тұратын. Ол өзiн дүниенiң соңғы кезеңiнде жер бетiне келiп Құдай патшалығын орнататын **Иса Мәсiх** деп жариялаған. АҚШ құқық қорғау органдары фермаға кiруге әрекет қылғанда секта мүшелерiнiң табанды қарсылығына тап болады. 51 күнге ұласқан қоршаудың ең соңғы күнi **Кореш** мүридтерiне өз-өздерiн өлтiрудi бұйырады. Сақшылармен болған қақтығыс және өрт салдарынан сектаға мүше 86 адам көз жұмады.

Әлемнiң ең бай елдерiнен Швейцарияда 1987 жылы **Лук Журет** (Luc Jouret, 1947-1994) және **Жозеф ди Мамбро** (Joseph di Mambro, 1926-1995) негiзiн қалаған «Күн ғибадатханасы низамы» (The Order of The Solar Temple) атты адамдарды зомбиге айналдыратын сектаны айтпасқа болмайды. Оның негiзiнде күнге табыну культi бар едi. Секта Швейцариямен қатар Франция және Канада қатарлы дамыған елдерде де мүридтер жинаған болатын. Секта көсемдерi адамдарды олардың рухын Цириус жұлдызына жеткiзiп, өлiмсiздiк шәрбатын iшкiземiз деп алдайтын болған. **Жұмаққа жету үшiн адамдар өздерiн өртеп өлтiруге тиiс болған.** 1987, 1995 және 1997 жылдары жасалған суицид амалдарында секта көсемдерiмен бiрге 48 адамның күлге айналған денелерi табылған. Секта мүшелерiнiң денi жоғары бiлiмдi, әлеуметтiк жағдайы қамтамасыз етiлген азаматтардан құралған екен. Оларды осындай азғындыққа, жан түршiктiрер жауыздыққа жетелеген не едi?

Дамыған елдерде жуырда ғана болған адам сенгiсiз оқиғалардың бiрiн тағы айталық: АҚШ-тың Калифорния штатында орналасқан «Аспанның қақпасы» (Heaven's Gate) сектасының мүшелерi сол кезде планетамыздың жақын маңынан өтiп бара жатқан **Нейл-Бопп** (Nale Bopp) кометасының артында жасырынып тұрған ғарыш кемесi оларды жерден алып кетуге келе жатыр деп сенетiн. Сан Диего қаласындағы бiр үйде жиналған сектаның 39 мүшесi улы шырын iшiп бiр мезетте өз жандарын қиған. Секта мүшелерiнiң барлығы да бiрдей киiнген екен. Әрқайсысының қалтасында 5 долларлық қағаз ақша болыпты. Сектаның негiзiн қалаған протестант уағызшы **Маршал Апплеуайт** (Marshall Applewhite, 1931-1997) және **Бонни Неттлес** (Bonnie Nettles, 1938-1985) тастап кеткен хаттарында төменгi өмiр сатысынан жоғары бiр өмiр сатысына көтерiлiп бара жатқандарын жазған. Осы сектаның да мүшелерi негiзiнен тiс дәрiгерi, инженер, заңгер, дәрiгер сияқты сауатты да ауқатты адамдар екенi таң қалдырады. **Жоғарыда келтiрiлген мысалдардың барлығы да аталмыш адастырушы секталардың әуел баста ақылды желiден шығарып, адамды есуасқа айналдырумен және тәуелдi етумен iске кiрiсетiнiн көрсетедi.** Елiмiзде де кейбiр эзотерикалық ағымдарды, оның iшiнде дiни мистицизм, оккультизм, каббала iлiмi мен суфизмдi уағыздап жүрген ағымдардың iшiнде жоғары бiлiмдi, тiптi позитивтi ғылымдардың мамандары, ғылым докторлары мен профессорлары бар екенi осыған саяды...

Ендi жаңа харизмалық христиандық немесе нео..... құтқарушылар болмаса, өздерiн «таза мұсылман» етiп көрсетуге ұмтылушы уаххаби-салаф,

¹⁹ Шәкiрттерi

тәкфирші, ауған тәлібтері немесе осылардың қарсылығын қоздырушы сопылық тариқаттары, таблиғ жамағаты, хизбут тахрир, мұсылман бауырлары әрекеттері, олардың фанаттық кеселге ұшыраған көрпана, көршахидтерінің бір-бірінен қандай айырмасы бар? Ешқандай! Бірінен екіншісі өзгеше ондаған ұйым – топ жалдап әскерлер құрамасын тудыра алатын бұл сиқырлы күш өкінішке орай мыңдаған жылдар бойы әлем халықтарын, соның ішінде мұсылман елдерін аяусыз қырғын мен қанға бөктіріп келеді. Бүгінгі «Араб көктемі» түрлі-түсті төңкеріс те оған анық айғақ.

1985 жылы қыркүйек айының 19 күні Филиппиндер еліндегі Миндано аралын мекендейтін Ата тайпасының 60 адамы тариқат көсемі **Дату Мангайанонның** (Datu Mangayanon) бұйрығымен у ішіп өздерін өлтіреді. Оңтүстік Кореядағы протестант әйел көсем **Парк Сун-Жаның** (Park Soon-Ja) 32 мүридін шағын дозада у ішіп, өз өздерін бауыздап өлтірген. Жапонияның Вакаяма жағалауында «Шындықтың достары шіркеуінің» 7 әйел мүшесі өздерін өртеп өлтірген. Олар тастап кеткен хаттарында өз-өздерін тариқат көсемі **Киохару Миямотоның** (Kiyoharu Miyamoto) құрметіне өлтіргендерін жазған. Жапониядағы экстремист буддист секта «Аум Синрикё» нацилер ойлап тапқан және адамзатқа белгілі ең улы газдың бірі саналатын зарин газымен (ғылыми аты – Isopropyl Methyl Phosphonfluoridate) метро станцияларында жасаған террор шабуылдарымен әйгілі болды. Токйодағы Касумигасеки бекетінде 1995 жылы жасалған шабуылда 12 адам қаза тауып, 5,500 адам ауыр жарақат алды. **Осы террор амалынан кейін мәселені жан-жақты зерттеп, талдаған жапон қоғамтану ғалымдары топтық тәртіп пен топқа тәуелділікті көбірек дәріштеп, жеке ойлауды оқшаулайтын жапон білім беру жүйесін айыпты деп тапқан. Бұған қоса көптеген ғалымдар Американың 1945 жылғы жеңісінен кейін жапондардың ұлттық діні синтоизмнің әлсіреуі салдарынан олардың рухани бопсалауға душар болғанын алға тартады.** Шизуока университетінің социология профессоры **Кимиаки Нишиданың** (Kimiaki Nishida) пікірінше рухани вакуумда қалған жапон жастарын рок концерттерін жиі ұйымдастыратын және видео техниканы шебер пайдаланатын Аум Синрикё сектасы бірден өзіне тартқан. Осыған ұқсас әдістер бізде де жасалып жатқан жоқ па, деп еріксіз өзіңнен сұрайсың. Қазақстанда да өзін Мәсіх яки Мәһди деп жариялаған адамдар мен олардың секталары ұқсас әдістерді пайдаланып, кең көлемді насихат жасап жатыр деген ақпарат баспасөзде жиі кезігетін болды. Қасырет қоғамның рухани азғындауынан туындағанын әлем ғалымдарының сараптаулары көрсетті. Рухани азғындауға жол беріп қою христиан, будда діни ойының кері сипатын көрсетті. Батыстық дүниетаным негіздерінен бастау алған рухани-мәдени өзегі жансызданған, әлеуметтік-қоғамдық орта болмысының жансақ үлесіне үйлестірілген жадағай жалақ діни ұстанымдар бүгін де қоғамның барынша қатыгездену үдерісін тоқтата алмай отыр.

V. ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ: туындау себептері және негізгі сипаттамалары

Діни экстремизм мен терроризм Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің қатері ретінде

АТТ-ның мүшесі бұл тақырып бойынша айтар кезде, құқық қорғау және арнайы қызмет органдарының тәжірибесін, жалпы экстремизмге қарсы іс-қимылдың жағдайын біліп айтқан дұрыс. АТТ-ның мүшесі Қазақстанның діни ахуалын айтқанда, діни ахуалдың бір аспектісі болып табылатын діни радикализм мен діни экстремизмнің алдын алу бойынша арналған құжаттарға жүгінуі керек. Бұл ретте 2013 жылдың 24 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» № 648 Жарлыққа қол қойған болатын. Осы тақырыпқа АТТ-ның мүшесі тыңғылықты дайындалған жөн. Бұл орайда, мынандай құқықтық құжаттарды басшылыққа алған дұрыс.

1. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының (18.02. 2005 № 31) Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031>.

2. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының (06.01. 2011) № 380 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002710>.

4. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңы 13.07.1999 № 416-I // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416>.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының (18.02. 2005 № 31) Заңы

2-бап. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі міндеттері мен принциптері

1. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі міндеттері: экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу; экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болғызбау;

азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Экстремизмге қарсы іс-қимыл:

заңның үстемдігі;

нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, қандай әлеуметтік топқа жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

қоғамдық, соның ішінде ұлтаралық және конфессияаралық келісім;

мемлекеттің және қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы;

жариялылық принциптеріне негізделеді.

2-бап. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылдың қағидаттары мен мақсаты

1. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл мынадай негізгі:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау, террористік қылмыстарды жасау салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

2) заңдылықты сақтау;

2-1) терроризмге қарсы іс-қимыл шараларының террористік қауіп дәрежесіне мөлшерлес болуы;

3) терроризмнің алдын алуға басымдық беру;

4) террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жазаның болмай қалмайтындығы;

5) терроризмге қарсы іс-қимылдың саяси, ақпараттық-түсіндіру, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларының жүйелі болуы және оларды кешенді пайдалану;

6) терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде тартылатын күштер мен құралдарға жедел басшылық жасауда дара басқару;

7) терроризмге қарсы іс-қимылдың жария және жария емес әдістерінің ұштасуы;

8) терроризмге қарсы операциялардың тактикасы, нысандары, әдістері, құралдары және қатысушыларының құрамы туралы мәліметтерге шектеулі қолжетімділікті қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

2. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.

Діни экстремизм- тарихи-дәстүрлі қалыптасқан ортаның өзіндік қарым-қатынасын бұзатын және оны көпшіліктің еркінен тыс тек өз мақсатына жұмсау үшін азаматтардың ерік-құқығын түрлі тәсілмен шектеу арқылы ортада тарихи қалыптасқан тіпті, саяси-экономикалық қалыптардан тыс көзқарасты ұстану және шектен шыққан бұзақы, теріс пиғылды әрекеттерді ұстану. Оның салдары қандай да бір қоғамда бүлік, көпшіліктің талабына қарсы әрекеттер: аласапыран анархия, қан төгу, қылмыстар жасалуына азаматтарды мақсатты түрде дайындау, бағыттау, мәжбүрлеу түрінде ел, ұлт, мемлекет жетістігін жоққа шығарып, ұзақ ғасырларда қалыптасқан ұлт түзуші құндылықтар - әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр, діни ұстаным негіздерін жоққа шығару.

Радикалдық пиғылдағы экстремистер көбіне қандай да бір келіссөздерден, ымыраға келуден бас тартады. Экстремизмнің өршуіне әдетте әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, жергілікті тұрғындардың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің күрт нашарлауы, оппозицияны басып-жаншитын, өзге пікірді жоққа шығаратын тоталитарлық саяси жүйенің орнауы ықпал етеді, деп еліретіндер ешбір елде, ешбір уақытта, ешқандай да елдің саяси-экономикалық, рухани-әлеуметтік, діни мәдени, тұрмыстық, тіршілік ахуалын түзеуге қауқарлы бола алмаған, бұл заңдылық. Себебі бұндай топтарды әр уақытта да сыртқы жаулар ұйымдастырған. Ал олардың мақсаты өзге бір елді көркейту емес, керісінше оны тұралатып, солардың адам-еңбек, жер байлығы ресурстарын, географиялық-стратегиялық ұтымды мүмкіншіліктерін өзіне пайдалану арқасында тегін байлықты қалауынша иемдену болатын. Ел, ұлт, мемлекет қалыптасуы тарихи-мәдени, әлеуметтік-рухани үдерістерінің шынайы тарихын, өз елінің әдет-ғұрып, діни ұстаным өнер-ғылым, тағлым-тәрбиесінің негізгі қорынан хабары жоқ «шалағайлар» өзгенің шүрегейіне айналмасына кім кепіл бола алады? Әдетте экстремизм әрекетіне осындай азаматтар жиі тартылады. Өйткені олар өзгенің құлы болудың не екенін білмейді. Білмеген.

Терроризм – зорлық–зомбылық күш қолдану идеологиясына негізделген. Террорды жүйелі түрде қолдануға құрылған саясат. Террор (лат. terror –қорқыныш, үрей) сөзінің негізгі мағынасы «зорлық-зомбылық», «қорқыту-үркіту», «күш қолдану».

Халықаралық құқық теориясында терроризм термині төмендегідей анықталады:

Біріншіден, зорлық-зомбылық идеологиясын жүргізе отырып, қоғамдық санаға, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің немесе халықаралық ұйымдардың шешіміне ықпал ету мақсатында немесе қатаң тәртіппен, жүргізілетін атыс-шабыс, жарылыс-қопарылыс, қан төгістер мен бір елді қорқытып-үркіту қырып-жою әрекеттерін іске асыру; және басқа да заңға қайшы зорлық әрекеттерді қамтиды;

екіншіден, олардың әрекет ету мотивтері, айла-тәсілдері, таңдау объектілері мен террор аймағында қимыл аясы әр қилы.

1960- жылдардың аяғында терроризмнің өзгеше түрі-халықаралық терроризм пайда болды.²⁰

Қазақстан Республикасының аумағында соттың шешімімен тыйым салынған діни ұйымдар мыналар:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:

1. «Әл-Каида»
2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»
3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»
4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)

Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешімі негізінде:

5. «Асбат әл-Ансар»
6. «Мұсылман бауырлар» (Братья-мусульмане)
7. «Талибан» қозғалысы
8. «Боз гурд»
9. «Орталық Азиядағы Жамағат мужәһидтер»
10. «Лашкар-е-Тайба»
11. «Әлеуметтік реформалар қоғамы»

Астана қалалық сотының 2005 жылдың 28 наурызындағы шешімі негізінде:

12. «Хизб-ут-Тахрир»

Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 қарашадағы шешімі негізінде:

13. «АУМ Синрикё»
14. «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»

Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешімі негізінде:

15. «Түркістан ислам партиясы».

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы және Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы шешімдері негізінде:

16. «Алла аят» қозғалысы

²⁰ Толковый словарь основных терминов и понятий в сфере борьбы с международным терроризмом и экстремизмом. 137, 146-бб, Алматы: Өлке, 2011ж.

17. «Ата жолы» қозғалысы

18. Алматы қаласы сотының, 2011 жылы 19 қазандағы шешімі негізінде: Зікіршілерге елімізде тыйым салынды.

19. Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешімі негізінде: «Таблиғ жамағатының» жұмысына да елімізде заңды түрде тыйым салынады.

20. 2014 жылы «Такфир уаль-Хиджра» ұйымына тыйым салынды.

“Неосәләфизм” жақтастарының қолданылатын әдебиеттері

1. “Сборник заповедей”, авторы Маджму әл-Фарид;

2. “Китяб ат-Таухид” (Единобожие) 1-том, авторы. Мухаммад бен Абд әл-Уәһһаб;

3. “Китяб аз Зияра” (Паломничество) 2-том, авторы Ахмад Ибн Таймии;

4. “Китяб әл Хидейа әл-иджбирия” (Праведный путь) 3-том,

5. “Болезнь и исцеление” авторы Мухаммад ибн Кайим аль-Джаузий;

6. “Книга единобожия”, авторы Салих ибн-Фаузан.

Радикалды “сәләфизм” жақтастарының пайдаланатын интернет сайттары. Олар:

www.hunafa.com,

www.guraba.net,

www.kavkazdjihad.com,

www.generalvekelat.org,

www.chechentimes.net, www.kavkazanhaamash.com

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ҰЙЫМДАРҒА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

«Аль-Каида» – бұл уаххабистік бағыттағы ультрарадикалды ірі халықаралық ұйымдардың бірі.

Аль-Каида, сонымен қатар «Каеда», «База», «Ислам әскері», «Еврей мен крестоностарға қарсы дүниежүзілік жихад ислам фронты», «Киелі жерлерді азат ету Ислам әскері», «Усама бен Ладен ұйымы», «Ислам құтқару қоры», «Киелі жерлерді қорғау тобы» материалдық, қаржылық мүмкіндіктері бар лаңкестік ұйым болып саналады.

Ұйым 1988 жылы мұсылман елдерінде зайырлы ұстанымды құлату және «Ұлы ислам халифатын» құру мақсатында құрылған. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде орын алған әлемді дүр сілкіндірген үлкен террорлық әрекеттер – осы ұйымның бүлігі. Бұл теракт салдарынан 2606 адам қаза тапса, 24 адам әлі күнге дейін хабар-ошарсыз жоғалғандар қатарында саналады.

«Аль-Каиданың» басты мақсаты – бүкіл әлемде, яғни мұсылман және мұсылман емес мемлекеттер аумағын қамтитын утопиялық мемлекет құрылымы арқылы исламдық тәртіп орнату.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі «Аль-Каида» ұйымын халықаралық санкция қолдануға болатын террорлық ұйым тізіміне жатқызды.

АҚШ-та, сондай-ақ, бірнеше батысеуропалық елдерде, Ресейде және Өзбекстанда тыйым салынған.

«Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс», сонымен қатар «Түркістан ислам партиясы» және «Аллах партиясы» деп те аталады, 90- жылдарда сепаратистік қозғалыстың көсемі Айсан Махсум (шын есімі Хасан Джундулла) құрған діни-саяси террорлық ұйым.

Мақсаты – Қытай Халық Республикасының автономды ауданы Синьцзян-Ұйғыр аймағында «Шығыс Түркістан» атты мемлекет құру. Алға қойған мақсаттарын іске асыру

идеясын қарулы джихад арқылы дінге сенбеушілерге қарсы террорлық актілерге негіздеген.

«Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс» (әрі қарай - ШТИҚ), «Талибан» және «Аль-Каида» қозғалыстарымен тығыз қарым- қатынаста.

1999 жылдан Ауғанстан аумағында орналасып, ауғандық және араб муджахидтерінен қолдау тауып отырған. Оның үстіне ШТИҚ А.Ш. Масуд басқарған «Солтүстік альянс» күштеріне қарсы соғыс қимылдарына қатысты.

2001 жылы АҚШ-тың және оның одақтастарының Ауғанстандағы террорға қарсы операциясын жүргізу кезінде ШТИҚ содырлары талибтар мен «Аль-Кайданың» жақтастары ретінде соғысты.

2003 жылдың күзінде Ауғанстанда Халықаралық коалицияның күшімен «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалысының» көзі жойылды. Осыдан кейін ұйымның көптеген мүшелері шетелге қашып кетті, қалғандары жаңа террорлық құрылым «Түркістанның ислам партиясын» құрып, «Аль-Каидамен» бірге іс-қимыл жасады.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» (әрі қарай - ӨИҚ), «Өзбекстанды азат етуші исламдық қозғалыс» және «Исламдық өрлеу партиясы» деген атаумен де аты шыққан. 1992 жылы Т.Юлдашев ұйымды экстремистік және діни радикалды әрекетке бейім адамдарды қатарына тарту арқылы құрды. Ұйым мүшелерінің көбісі 90-жылдардың басында Өзбекстанның Наманған облысында (Ферғана алқабы) билікті күшпен басып алуға қатысқан және сол елдің құқық қорғау органдарынан қашып жүрген содырлардан құралған.

ӨИҚ негізгі мақсаты – Өзбекстан Республикасындағы конституциялық билікті құлатып, орнына ислам мемлекетін құру.

1997 жылы «Талибан» ауған қозғалысы және «Аль-Каида» тарапынан қолдау тапқаннан кейін, ӨИҚ қарулы содырлары Ауғанстанның солтүстік аймақтарында шоғырланды. Аталған халықаралық қозғалыс құрылымдарының көсемдері У.б. Ладен және молла М. Омардың ықпалымен ӨИҚ Өзбекстан үкіметіне қарсы жихад жариялап, Орталық Азия елдерінде радикалды ұйымдардың басын қосып өз қарамағына енгізу жоспарын құрды.

ӨИҚ «Аль-Каида» және «Талибан» қозғалыстарының тікелей қарамағында болғандықтан, оның содырлары Ауғанстанда әлі де АҚШ басқаратын халықаралық коалицияға қарсы соғыс қимылдарына қатысып жүр.

«Өзбекстанның ислам қозғалысы» бірыңғай халықаралық тізімде террорлық ұйым ретінде тіркелген. ӨИҚ қызметіне Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және АҚШ елдерінде тыйым салынған.

«Күрд Халық Конгресі» (одан әрі КХК) 1978 жылы қарулы күрес жолымен Түркияның оңтүстік-шығысында тәуелсіз күрд мемлекетін құру мақсатында құрылған.

Алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін лаңкестік акцияларды Түркияның ішінде және шет елдерде ұйымдастырып өткізу көзделді.

КХК көп жағдайда өзінің жауынгерлік әрекеттерін партизандық тактикада жүргізеді. Одан басқа қалааралық лаңкестік тактикасын тиімді пайдаланады.

КХК лаңкестік актілерінің басым бөлігін Түркияның әскери қызметшілеріне, қауіпсіздік қызметінің және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарсы дәрімен атылатын қаруды, жарылғыш заттарды қолдану арқылы іске асырады. Соның салдарынан құрбан болғандардың арасында бейбіт халық та болды. Ұйым жауынгерлері шенеуніктер мен саясаткерлерге қарсы шабуылдар да ұйымдастырды.

1994 жылдан КХК елдің туристік инфрақұрылымына, соның ішінде Жерорта теңізі жағалауының курорттарында, жолаушы поездарында, паромдарда және қоғамдық көліктерде теракт өткізуді ұйымдастырды.

1996 жылдан бері КХК террорист-жанкештілерінің қатысуымен терактілер орын алды.

Европалық одақтың және АҚШ-тың шешімімен КХК лаңкестік ұйым ретінде тізімге енді және Түркия Республикасында тыйым салынды.

«Асбат аль-Ансар» – штаб-пәтері «Айн-аль-Хильва» (Сайда қ., Ливан) палестиналық лагерде орналасқан, 1985 жылы құрылған террорлық ұйым. У.Б. Ладеннің қолдауымен аталған лагерьдің аумағында әлемнің «дүрбелең аймақтарына» жіберуге жауынгерлер дайындалады.

АҚШ, Израиль, сондай-ақ Батыс Еуропа мемлекеттері мен Ресей «Асбат аль-Ансарды» негізгі дұшпандары ретінде жариялады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде «Асбат аль-Ансар» мерзімі ұзартылған террорлық ұйымдардың тізіміне қосылған. Бірқатар мемлекеттерде, соның ішінде Ресей, Өзбекстан және әрекет етуіне тыйым салынған.

«Мұсылман бауырлар» – трансұлттық, діни-саяси, террористік ұйым. 1928 жылы Мысырда (Исмаилия қ.) Хасан әл - Баннаның басшылығымен құрылды.

50- жылдары Сейидәл-Кутб жүргізген өзгерістерден кейін ұйым радикалды сипатқа ие болды.

«Мұсылман бауырлар» ұйымының негізгі мақсаты – қоғамды мұсылмандандыру, мұсылман емес өкіметтік құрылымдарды жойып, дүние жүзінде ислам діні негіздеріндегі халифаттық режимдегі мемлекет орнату.

Әрекеттеріндегі негізгі ұйымдастырушылықты сопылық ордендік қағидаттармен байланыстырады, саяси және жасырын әскери құрылымдар террористік әдістерді өз қызметіне пайдаланады.

«Мұсылман бауырлар» ұйымының құрылтайшылар комитетінде 20-дан аса адам басшылықта отыр.

Ресей Федерациясында, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінде «Мұсылман бауырлар» лаңкестік ұйымдардың қатарына жатқызылған.

«Талибан қозғалысы» – Ауғанстандағы діни-саяси сипаттағы ұйым.

«Талибан» 1980 жылдардың басында Пәкістанның солтүстік-батыс шекаралық провинциясы мен Белуджистан аумағында Пәкістан Ислам Республикасы билігінің нұсқауы бойынша жасырын жағдайдағы медреседе және соған сәйкес идеологиялық әрі діни білім алған Ауған қашқындарының балаларынан құрылды.

«Талибан» ұйымының этникалық негізін пуштун қауымының өкілдері құрайды.

«Талибанның» әскери-саяси көсемі – молда Мухаммад Омар.

Жоғарғы Кеңес – формалды түрде басқарушы орган .

Өзінің әрекеттерінде «Талибан» ұйымы террорлық әдістерді қолданады. «Аль-Каида» және суниттік бағыттағы халықаралық лаңкестік ұйымдармен тығыз байланысты ұстанады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен «Талибан» лаңкестік ұйым ретінде танылды. Сонымен қатар, бұл ұйымның қызметіне Ресей мен Өзбекстан мемлекеттерінде тыйым салынды.

«Боз гурд» («Сұр қасқыр» ұйымы атауымен де белгілі) –әскериленген түркілік әсіреултшыл ұйым.

Негізгі идеялық тұжырымдамасы– Тұран ойпатында түркі халықтарының бірыңғай мемлекетін құру.

Ұйым 1965-1970 жылдарда полковник Альпарслан Тюркештің басшылығымен қалыптасты. 1968 жылы «Боз гурд» ұйымы басқа жартылай әскериленген екі түрік

ұйымымен бірігіп альянс құрды, кейіннен бұл альянстың негізінде Ұлттық қозғалыс партиясы құрылды.

Партияның бағдарламалық ережелері әсіре радикалды қағидаларға негізделді. 1974-1980 жылдары қоғам қайраткерлерін, саяси және кәсіподақ жетекшілерін, журналистерді өлтірумен және қоғамдық орындарда, қалалық көліктерде жарылыстар ұйымдастырумен айналысты.

«**Боз гурд**» ұйымының қызметіне Түркия мен Өзбекстанда тыйым салынған.

«**Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты**», басқаша атауы «Исламдық жихад тобы» – халықаралық лаңкестік Аль-Каида ұйымына қосылған «Өзбекстандағы ислам қозғалысының» жауынгерлерінен құрылған.

«Жамағаттың» мақсаты Өзбекстан аумағында лаңкестік акцияларды ұйымдастыру арқылы елдің конституциялық құрылымын күйретуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл ұйым исламның «жауы» болып саналатын АҚШ, Израиль және олардың одақтастарымен күресу мақсатын алдына қойды.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 2006 жылдың 20 сәуірінде «Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты» ұйымын Қазақстанның бастамасымен елімізде тыйым салынған, БҰҰ-да жинақталған террористік ұйымдардың тізіміне қосты. «Жамағаттың» қызметіне Ресей Федерациясында тыйым салынған.

«**Лашкар-е-Тайба**» – Пәкістанның әскеріленген лаңкестік топтастығы.

Усама бен Ладенмен тығыз байланыстағы «Марказ-е Дават-уль-Иршад» радикалды діни-саяси ұйымның қарулы қанаты болып табылады.

1980 жылы Лахор қаласында Ауған моджахедтеріне әскери көмек көрсету мақсатымен профессор Хафиз Мухаммад Саид құрды.

«Жихад-Ауғанстан» және «Жихад-Кашмир» ұйымдары көсемдерінің өтініші бойынша, «Лашкар-е-Тайба» екі әскери-саяси бағдарламаларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, Орталық Азия мен Солтүстік Кавказ аймақтарында, басқа мемлекеттердің қоршауындағы мұсылмандарға өздерінің ықпал ету аумағын кеңейтетіні туралы мәлімдеді

«Лашкар-е-Тайба» әр түрлі лаңкестік ұйымдарға қаржылай және басқа да көмек көрсетеді.

«Лашкар-е-Тайба» Пәкістанда тыйым салынған, Ресей мен Өзбекстанда лаңкестік ұйым ретінде танылған.

«**Әлеуметтік реформалар қоғамы**» (әрі қарай – ӘРҚ) қайырымдылық мәртебесі бар үкіметтік емес ұйым, штаб-пәтері Эль-Кувейт (Кувейт) қаласында орналасқан. Әлеуметтік бағдарлама атын жамылып, «Мұсылман бауырлар» лаңкестік ұйымының алдына қойған мақсатын іске асыруға көмектеседі және мұсылман емес үкіметті жойып, дүниежүзілік деңгейде, ТМД елдерінде басқа мемлекеттердің қоршауындағы мұсылмандарға ислам басқармасы қағидаларының жолымен ислам халифатын орнатуды көздейді.

Әрекеттерін исламдық емес конфессияларға тағатсыздық танытып, лаңкестік актілерді және қарулы жихадты астыртын қаржыландыруға бағытталған діни насихат жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Ресей Федерациясы Жоғарғы сотының шешімімен «Әлеуметтік реформалар қоғамы» тыйым салынған.

«**Хизб-ут-Тахрир**» («Хизб-ут-Тахрир әл-Ислам», «Исламның азаттық партиясы») – халықаралық экстремистік саяси-діни ұйым.

1953 жылы Сирияда шейх Такиитдин Набхонидің басшылығымен «Мұсылман бауырлар» халықаралық лаңкестік ұйымының палестиналық бөлімшесінде аталған ұйым құрылды.

Партияның бірінші кезектегі мақсаты сионизммен күрес және Палестинаны азат ету болды. Бұл ағымның мүшелері санының өсуіне байланысты оның басшылығы халықты жаппай исламдандырып, халықаралық деңгейде «халифат» түріндегі мұсылман мемлекетін құру идеясын ойлады.

Аталған партияның идеясы әлемнің 40-тан астам мұсылман елдерінде таралғанмен, көптеген елдерде бұл партияның әрекетіне ресми түрде тыйым салынған.

Астана қалалық сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы қаулысымен Хизбут-тахрир халықаралық ұйымы экстремистік деп танылды және оның ҚР аумағындағы әрекетіне тыйым салынды.

«АУМ Синрикё» («Алеф») – 1984 жылы ақпан айында «АУМ Шинсен-но-кай» йога қоғамы түрінде құрылған Жапондық діни секта.

1989 жылы «АУМ Шинрикио Култ» діни корпорация ретінде Жапонияда ресми түрде тіркелген.

Тіпті кісі өлтіруге дейін баратын кереғар әлеуметтік идеяларды насихаттайтын идеологиялық базасы әсіре реакцияшыл кертартпа табынушылық болып табылады.

Жапонияда «АУМ Синрикё» мүшелерінің осы ұйымда бұрын болып шығып кеткендерді және оған кірмеуге үгіттегендерді өлтіргені туралы біршама деректер дәлелденген. Сондай-ақ, «АУМ Синрикёнің» адамдардың денсаулығына физикалық және психологиялық зақымдар келтіруінен қоғамға қауіптілігі байқалады.

Қатардағы секта мүшелерін ұстауға және бақылауға, сондай-ақ өздерінің қатарына жаңа жақтастарды тарту үшін ұйымның жасырын лабораторияларында заңсыз есірткілер (ЛСД, амфетамин және мескалин) өндіріп, мәдени салттар мен діни ғұрыптарды орындау барысында жиі қолданып отырған.

Мацумото қаласының Нагано префектурасындағы сектаның лабораториясында өндірілген «зарин заман» зиянды уландыратын затты қолданып, 1994 жылы шілде айында «АУМ Синрикёнің» бірінші террорлық актісі жасалды.

Бұдан басқа, осы террорлық құрылымның басшылығы шетелден автоматты винтовқалардың контрабандылық жолмен келуін ұйымдастырып, олардың түпнұсқаларын үлгі ретінде қолданып, оқпен атылатын қаруды заңсыз жолмен көптеп өндіруді жоспарлады.

«АУМ Синрикё» идеологтары жаңа жақтаушыларды қатарларына тарту үшін «үгітпункттер» құрып, (йога-клубтар немесе «кездесуге арналған веб-сайттар») жалған әдістерді қолданды, сондай-ақ әрекеттерін жалғастыруға қажетті қаржы қорын жасау үшін түрлі тәсілдермен ақша жиналып отырды.

Жапондық құқық қорғау органдарының мәліметтері бойынша, елде секта мүшелерінің саны 1650 адамды құрайды.

«АУМ Синрикё» Еуропалық одақта және АҚШ-та **террорлық ұйымдар** тізіміне енгізілді.

«Шығыс Түркістанды азат ету ұйымын» («Шарки Туркестан озатлик ташхилаты», ШАТ) 1994 жылы қолбасшы Маметин Азлет (Хазрет, Казрат) құрды.

Аталған ұйым террорлық және басқа экстремистік актілерді іске асырғанын қоспағанда, ҚХР Шыңжаң-Ұйғұр автономды ауданының аумағында дербес мемлекет құру мақсатында қытай өкіметіне қарсы қарулы күреске шықты.

ШАТ-тың Орталық-Азия аумағында тараған іс жүзіндегі әрекеті, атап айтсақ, қару сатып алуға және контрабандалық жолмен оны Шыңжаң-Ұйғұр автономды ауданына жіберуге, шетелде сепаратистік идеяларды насихаттауға және ұйымға жаңа мүшелерді тартып, оларды шетел лагерьлеріне диверсанттық-террорлық дайындыққа жіберуге бағытталады.

«Түркістанның ислам партиясы» (әрі қарай - ТИП), сонымен қатар «Түркістанның жамағаты» және «Түркістандық жамағат» деген аттармен белгілі.

2004-2005 жылдары Пәкістанның Вазиристан провинциясындағы еркін тайпалардан «Шығыс Түркістанның Ислам қозғалысы» халықаралық террорлық ұйымның орнына қайта жасақталып, қайта аталды.

2005 жылы ТИП «Аль-Каида» ұйымының жарғысын қабылдап, «жаһандық» жихадқа қатысты. Ұйым мүшелері ислам дінінің радикалды бағытын ұстанады және «Аль-Каидамен» бірлесіп «ислам жауы» болған АҚШ-қа және оның одақтастарына қарсы қарулы қақтығысқа шығуға насихаттайды. Сонымен қатар, ТИП ҚХР-дың автономды ауданы Шыңжаң-Ұйғыр аймағында және Орталық Азияның жекелеген елдерінде ислам мемлекетін құру үшін күрес жүргізуді өз жоспарларындағы алдыңғы міндеттер қатарына енгізді.

«Сенім. Білім. Өмір» – рухани тәлімгері Ысматулла Абдуғаппар болған діни-радикалды ағым.

Топ Қазақстан аумағында 10 жылға жуық «табысты» әрекет етіп, ел ішінде 200 тарта өз өкілдігін ашты.

Пешавар қаласында тәжірибеден өткен кезде соның ықпалына ерген шығыстанушы-студент Ғалым Боқашевтың шақыруымен Ысматулла Абдуғаппар Қазақстанға алғаш 1996 жылы келген.

Исматулла «шынайы ислам» келбетін жамылған өз ілімін елімізде таратуға әрі оны нығайтуға жедел кірісті. Шын мәнінде, оның зікір салғаны, яғни топ болып бірсарынды қимылдар жасағаны және Құдай атын үстін-үстін қайталағаны – Исламда орын алған сопылық ілімнен бастау алатын дін емес мистика-эзотерикалық жат дәстүр еді.

Ысматулла Абдуғаппар «ерекше тәжірибелі» адам ретінде, IX ғасырда бес жасында жасырынған және оралуға уәде еткен 12 имамның соңғысы – Мәдінің кейпінде келгендігіне өзінің жолын ұстанушыларды сендірмек болды. Ислам мессиясын арқалаған ол өзіне «Мақсұм Тақсыр» - «Құдай қорғаған әмірші» атауын иемденді.

2012 жылдың 7 маусымында Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты облыс прокурорының талап арызы бойынша «Сенім. Білім. Өмір» Республикалық қоғамдық бірлестігін экстремистік ұйым деп тану, оның қызметіне тыйым салу және мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады.

«Таблиғи Джамағат» (ТДж) – «таблиғ» сөзінің мағынасы араб тілінен аударғанда «жеткізу, хабарландыру, ескерту», ал «жамағат» сөзі - «топ», «құрылым» деген мағыналарды білдіретін халықаралық ұйым.

«Таблиғи Джамағат» діни ұйымын 1927 жылы Үндістанның Мевате провинциясынан шыққан Моулан Мухаммад Ильяс (Мухаммад Рияз Мухаммад Исмаил Ал-Ханафи Ад-Дайлубанди Ал-Джашти Ал-Кондехлави) құрды.

Діни ұйымның мақсаты, негізгі радикалды-экстремистік бағыты анық, бірақ жұмыс-іс атқаруда жалған айдарлары: «жалған мұсылмандарды», яғни өзін мұсылман санаған, бірақ діни құлшылықтарды орындамайтын мұсылмандарды шынайы ислам дініне шақыру болып табылады.

«Таблиғи Джамағат» ұйымы діни ұстанымға байланысты қоғамды жікке бөлетін, конституциялық құқыққа, міндетті білім алуға байланысты кертартпа мақсаты анық, зиянкес және отбасылық өмір салтының биік мұраты мен мақсатын аяусыз бұрмалайтын оған деген қолдау мен қорғау, қамқорлыққа қарсы шығатын деструктивті сипатқа ие.

Ұйым зайырлы конституциялық, демократиялық, құқықтық мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған ыңғайлы жағдай қалыптастырады.

19. «Ат-Такфир уәл-хиджра» («Дінге сенбеуші деп айыптау, өз дінін сақтап қалу үшін қоныс аудару») – Европалық Одақ елдерімен Ресей Федерациясы, Қазақстан

Республикасы және басқа да мемлекеттерде экстремистік ұйым деп танылып, тыйым салынған.

Тәкфіршілдік – «Мұсылман бауырлары» мысырлық ультрарадикалды партиясының бір қанаты ретінде 1966 жылы Мысыр теологы Мұстафа Шукридің бастамасымен Саид Кутыбтың радикалды идеологиясы негізінде қалыптасқан.

Тәкфіршілер «джихад» ұғымын тар мағынада яғни дін үшін қарулы соғыс ретінде түсінеді. Бұл қозғалыс жақтастары жер бетінде «джахилиядан құтылудың бірден-бір жолы жер бетінде Алланың билігін орнатуды» алға тартады.

«Ат-Такфир уәл-хиджра» идеологиясының негізі – өздері өмір сүріп жатқан мемлекеттің ішкі басқару жүйесін айыптап, шариғат заңының «бұрмаланғандығын» желеу етіп, шариғи заңдар сақталатын өзге елдерге қоныс аудару болып табылады. Ол жақтан әскери тәжірибеден өтіп, «кәпірлер мемлекетіне», оның азаматтарына қарсы жихад жариялауды меңзейді.

Тәкфіршілер христиан және иудейлермен қатар мұсылмандарды да дінсіздік айбымен айыптайды. Бұл ұйым өкілдерінің қолымен жасалған әрекеттерді бағамдар болсақ, исламға мүлдем кереғар, қатыгездік, жауыздық, өшпенділік, адам өлтіру сынды мәселелер көп кездеседі.

Астана қаласының прокуратурасының 2014 жылдың 18 тамызындағы мәлімдемесі бойынша Астана қаласының Сарыарқа аудандық соты «Ат-такфируаль-хиджра» халықаралық ұйымын экстремистік деп танып, оның қызметіне Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салу туралы шешім қабылдады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ОККУЛЬТТІК-МИСТИКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

1. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2008 жылдың 22 желтоқсанындағы және 2009 жылы 12 қаңтарындағы Астана қаласының сот шешімдеріне сәйкес «Алля-Аят» әдісімен емшілік жүргізген Фархад Абдуллаевтың қызметіне республика аумағында тыйым салынды.

Бұндай шешім қабылдауға медицина саласы мамандарының «азаматтардың денсаулығының әлеуметтік қорғалуына кері әсер ететін және олардың денсаулығына қауіп төндіруге әкелетін, заңнамамен тыйым салынған, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге бағытталған әрекеттері» жөніндегі қорытындысы негіз болды.

«АЛЛЯ-АЯТ»

Ілімнің негізгі ұстанымдары және олардың қоғам үшін қауіптілігі. Ағым өкілдері дәстүрлі дінді мойындамайды. Ағымды жақтаушылар «Алла Аят» ағымының негізін салушы Ф.Абдуллаевқа құдайдай табынып, оны Фархат-ата деп атайтын. Сонымен қатар, «фархатовшылар» қозғалысының идеологиясы бойынша Ф.Абдуллаевты құдаймен теңестіріп, ал оның әйелі Нинаны қасиеттілер қатарына қосып қарайды.

2008 жылдың 18 мамырында Алматы облысы Шонжы поселкасына барып, ҚР Денсаулық сақтау министрілігінің бастамасымен мемлекеттік ұйымдардың ведомствоаралық комиссиясы тарапынан жүргізілген «Алла-Аяттың» әрекеттерін зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей жағдайлар анықталды:

- «Алля аят» қозғалысы біртіндеп дәстүрлі емес жаңаша, тілмен түсіндірмейтін, «ерекше дарынды» сипаттағы дін атын жамылған ілім, оккультик бірлестік түрінде жасырын ұйымдасқан, деструктивтік белгілері бар ұйымға айналуда;

- «Алля аяттың» емдік сеанстары тұлғаның физикалық және психикалық жай-күйіне зиян келтіріп, деструктивті өзгерістерге ұшыратады;

- «Алля аяттың» қолданыстағы әдістері ғылыми-тәжірибелік негізде қызмет ететін дәстүрлі медицинаға қарсы, оккультик-мистикалық сипатқа ие;

- діни ұйым негізін қалаушы мен оның соңынан еруші шәкірттер нейролингвистикалық бағдарлау әдісін қолданады.

Комиссияның арнайы зерттеу жұмысының негізінде «Алля аят» ағымының әрекеттері ҚР азаматтарының еркіндігі мен өміріне қауіп төндіреді деп танылды.

2. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2009 жылдың 5 ақпанындағы шешіміне сәйкес «Ата-жолы» ЖШС-не және «Ата жол» (Ақ жол) қозғалысына адам денсаулығы арқылы мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамға зиян келтіргендігі үшін тыйым салынды. Сот шешіміне сәйкес БАҚ арқылы да аталған ұйымның іс-әрекетінің таралуына және насихатталуына тыйым салынды.

«АТА ЖОЛЫ»

Ілімнің негізгі ұстанымдары және оның қоғам үшін қауіптілігі.

Аталған ұйым қажетті ақыны төлеген адамның әулие болатынына уәде береді. Емделу ақысының ішіне ата-баба рухымен тілдесу үшін Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қасиетті орындарға сапар шегу кіреді. Көріпкелдік пен емшілік қасиет даритындығына және адамдарды аурудан емдей алатындығына ерушілерді иландырады. Егер ол әруақтардың шақыруына ермесе, онда бақытсыздыққа ұшырайтындығын айтып, оларды үрей мен қорқыныш қамытын кигізеді.

Бұл әрекет «біреулер» үшін қаржылай аса табысты және ата-жолы салтымыз ретінде жалған дәріптеліп, адами салықтық есепке алынбайды.

«Алля-Аят» секілді «Ата жолы» ағымының да негізгі қаржыландыру көзі ерушілердің өздерінің міндетті ақшалай салымы екенін еліміздің құқық қорғау ұйымдары анықтады.

Ұйым құрылымы жағынан «ақша пирамидасына» өте ұқсас. Ұйымның әр мүшесі ағымның құрылымындағы беделін көтеру үшін өзімен бірге бірнеше адамды әкелуге міндетті болған.

Ведомствоаралық комиссияның «Ата жолының» әрекетіне берген бағасына орай, «Ата жолының» ғұрпын белсене ұстанушылар еліміздің 11 аймағында: Шығыс Қазақстанда, Солтүстік Қазақстанда, Ақмола, Ақтөбе, Ақтау, Түркістан, Сайрам Қарағанды, Қостанай, Жамбыл облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында шоғырланған.

«Шырақ жағу», «ақтық жабу», «бата шығару» секілді сеанстарды өткізу кезінде «Ата жолы» қозғалысының жақындарын, балаларын, күйеулерін және әйелдерін «ордаға» әкелуді ұсынатын белсенді насихаты іске асады.

VI. ИСЛАМ ДІНИ ЖӘНЕ МӘЗҢАБТАРДЫҢ РОЛІ

VII-ғасырда өз елші Мұхаммед Абдұллаұлы (569-632) арқылы күллі адамзатқа жіберілген ислам діні Жаратушының жаратылғандарға жіберген ең соңғы һәм ең кәміл қасиетті кәләм, киелі кітап, аманат- мағлұмат ретінде, жапы тіршілік заңын ұқтыратын уникалдық (жеке адам), универсумдық (қоғамдық көпшілік) деңгейлердегі қарым-қатынастар ұстыны ретінде қоғамдық өмір сүру жолы, ойлау, сезіну, ұйымдасу және даму мүмкіндігі деп ұсынылды. Асыл дініміз бүгінге дейін өз болмысын жоғалтпады және жоғалтпайды да! Пенделердің қол сұғуы мен бұрмалауына ұшыраған өзге діндерден исламның басты ерекшелігі һәм артықшылығы – оның негізгі бұлағы Құранның қол сұғушылық пен бұрмалаушылықтан ада, бұзылмай, бүлінбей, өзгертілмей сақталуында екені анық. Фәниліктер қанша тырысқанымен Алла Тағаланың кітабы пайғамбарымызға түсірілген күйінде ғасырлар бойы тазалығын, хақтығын сақтап келеді. **Исламның**

адамзатқа ортақ құндылықтардың түп тамыры, басты бастауы ретіндегі ақиқат пен әділдік өзегі және адамды адам ететін иман тұғыры қызметін мансұқтау мақсатында қол сұғушылық Құран аяттарының мағыналарын бұрмалау және оны аудару немесе тәпсірлеу, сондай-ақ, ол туралы арнайы зерттеулер жүргізген болып, соңында Құранға жанама бұлақтарды ойлап шығарып, солар арқылы тұрмыстағы дінге жаңалықтар мен өзгерістер енгізу мақсатында болған. Бүгін ислам атын жамылып жүрген көптеген ағымдардың пайда болуы мен олардың шынайы ақиқатқа жүгінбей тоқтамауы, өзара тіл табыса алмай жүргені де сондықтан. Оның ішінде, бастапқыда болғанындай, саяси мақсатты көздейтіндер, дінді билікке келудің құралы етіп пайдаланғысы келетіндер, дінді табыс көзіне айналдырғандар мен исламды жойғысы келетін сыртқы күштердің әрекеттері бар екені белгілі. Демек, Алла Тағаланың саф дінін түсіну және мұсылман үмметі ішінде діннің айқын бұйрықтарына қайшы пайда болған алауыздықты жою үшін жасалатын нәрсе – Құранға, сүннетке және мәзһаб ғалымдарының көрсеткен жолына жүгіну әрі басшылыққа алу. Сонда ғана мұсылмандар арасында келісім мен түсіністік пайда болады.

А. Мәзһаб және мәзһаб құрушы ғалымдардың дәуірі, өмірі, тағдыры ұстанымы

«Мәзһаб» сөзі араб тіліндегі «зәһәбә» (бару) етістігінен шыққан, «жүрілген жол», «баратын жер» деген мағынаны білдіреді. Терминдік мағынасы: Ислам дінінің сенім (ақида) мен фикһ саласында бір ғалымның немесе бірнеше ғұламаның берген үкімін сондай-ақ, ұстанымын бағыт-бағдары, идеяға тұғырлық тірегі бір және оны ұстанушыларға ортақ ижма арқылы келісілген дәстүрлі мектепті басшылыққа алып, оны қолдаушылар. Сондай-ақ саяси бір бағыт ұстанып, Құран Кәрім мен Пайғамбар (с.а.у.) сүннетін өз мақсаттарына қызмет еткізу үшін, саяси ойындарда ұпай алу үшін де дін атынан әрекет ететін топтар өздерін «мәзһаб» атымен жариялағандары болды. Бірақ олардың діни ұстанымы, бағыты және оған өзек-тұғыр ретіндегі қолданған қайнар көздеріндегі жалғандық, негізсіздік, ақиқатқа сәйкессіздігі заман, дәуір, қоғам талабына жауап бере алмағандықтан «фирқа» (топ) деңгейінде қалып немесе өшіп кетті.

Мәзһаб сөзі бастапқыда Ислам ғұламалары арасында бір ғалымның белгілі бір мәселе тұрғысында ұстанымы деген мәнде қолданылып келді. Мәселен Ибраһим ән-Нахаидің мәзһабы, Шағбидің мәзһабы, Хасан Басридің мәзһабы, Суфян Сәуридің мәзһабы деген сияқты. Бұл жерде «мәзһаб» сөзі *ұстаным, пікір, бағыт* деген мәнді береді. «*Һәза мә зәһәбә иләйһис-Сәурий*» яғни «*Бұл Сәуридің ұстанған бағыты*» деген сияқты. Бастапқыда жеке кісілердің ұстанымдарын білдіретін «мәзһаб» сөзі кейін келе үлкен құқықтық мектептердің биік мәртебесінің жалпы терминдік атауына айналды. Ханафи, Малики, Шафии және Ханбали мәзһабы дегенде жеке адамдардың пікірі емес, көптеген ғалымдардың ижмағ және ижтиһад етулері арқылы қалыптасқан үлкен құқықтық мектептің бағыты меңзеледі.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар тумады. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын ала білді. Сахабалар оның көзі тірісінде одан басқадан пәтуа сұрамайтын еді. Өйткені Пайғамбар тұрғанда жәй адамдардың ижтиһадына (белгілі бір негізге сай өз бетінше пәтуа беруіне) жол жоқ еді. Ол кезде ижтиһад жасау құқығына тек Пайғамбарымыз (с.а.у.) ғана ие еді. Бір жағынан Құран уахиы үздіксіз жүріп жатты. Сахабалардың діни тақырыптағы сұрақтарына жауап іздегілері келсе, Пайғамбарымыздан (с.а.у.) сұрайтын, ал Пайғамбарымыз мәселенің жауабын білсе айтатын, білмеген жағдайда Алла тағаладан уахи келіп, түсіндіріп отырды. Қысқасы қалай болғанда да, сахабалар сұрақтарына жауап алу мүмкіндіктеріне ие болатын. Бұл туралы Алла тағала мұсылман үмметін: **«Ей, иман келтіргендер! Аллаға, пайғамбарға және өз араларындағы ұлықтарыңа бойсұныңдар. Егер өзара бір нәрсеге келісе алмасаңдар, оның жайын Алладан, пайғамбардан сұрандар. Аллаға, қиямет күніне сенетіндерің рас болса, бұл сендер үшін қайырлы, әрі тиімді»** (Ниса сүресі, 4/59-аят),-деп ескертеді.

Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.) бақилық болғанда сахабалардың барлығы емес, тек белгілі бір бөлігі ғана пәтуа бере алатын еді. Тіпті бұл жауапты міндет ең көп хадис риуаят еткен сахаба бола тұра, Әбу Һурайраға да бұйырмады. Себебі ол фақиһ (шариғи ғалым, фикһшы) ретінде танылмағанды. Әрине Әбу Һурайраның да пәтуа берген кездері болған. Бірақ, оның пәтуасы фикһшы сахабалардың пікірлерімен үйлеспеген жағдайда алынбайтын-ды.²¹ Біріншіден, расул Алла жеткізген (уахи арқылы) Алланың аманатына сахабалардың шынайы иманымен сенгенінің, сол сенімді Құран аяттарды толық бекіткенін пайғамбарымыздың Алланың әмірін орындаудағы асқан тазалығын және оған Алланың берген күшті фатанатының құдыретін көрсетеді. Екіншіден, пайғамбар уақытында арнайы сараптау, ғылыми негіздеу, сұрыптау ұйымдары болмады, бәрі өз бетінше қалыптасты деу дұрыс емес, керісінше ортадағы талап, талғам, білім, ғылыми ойдың биіктігін көрсетеді.

Тек санаулы ғана ғалым сахабалар халықтың мәселелерін жауаптандырып отырды. Бұл фақиһ сахабалардың арасында Омар ибн әл-Хаттаб, Али ибн Әби Толиб, Айша (р.а.), Абдуллаһ ибн Масғұт, Зәйд ибн Сәбит, Абдуллаһ ибн Омар, Абдуллаһ ибн Аббас, Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (р. анһум) сынды тұлғалар бар еді.

Келесі буын табиундардың (сахабаларды көргендер) кезінде де тек білім иелері ғана пәтуа берумен айналысты. Олардың ішінде білімді сахабалардың ілім алқаларына қатысып ілім үйренгендер болды. Саид ибн әл-Мусайяб, Алқама ибн Қайс, Ибраһим ибн Язид ән-Нахаи, Саид ибн Жубәйр, Тауыс ибн

²¹ Қараңыз: Уәһба әз-Зухайли, «әл-Уәжиз фи усулил-фикһ», 41-42 бб., Дарул-фикрил-муасыр баспасы, Бейрут, 1995 ж.

Кәйсан, Уәһб ибн Мунаббих және т.б. фикһ (шариғат заңы) майталманы ретінде танылған табиундарға жатады.

Мәзһабта үкім шығарылатын қайнар көз ол – **Құран мен сүннет**. Қазіргі таңда кейбір бауырларымыз «Құран, сүннетпен жүресіңдер ме, әлде мәзһабпен жүресіңдер ме?» деген қате сұрақ қоюды әдетке айналдырып алған. Бұл сұрақтың астарында «Мәзһаб Құран мен сүннеттен бөлек дүние» деген білімсіздіктен туындаған қате ой жатыр.

Мәзһабта үкім шығаруда **жүйелілік-бірізділік** бар. Жүйелілік міндетті түрде исламды жариялаушы Алла, оның жердегі өкілі (расулы) пайғамбар ілімін құп көрген сахаба-ғалымдар, ұлық имамдар мен олардың соңынан салынған жол - Ахли сунна ал жамаға жолының бір негізді, бірізді, бір бағыттағы таза ислам ілімінің тұтастығын, аталған ұстанымның хақтығын білдіреді. Бірізділік – мың өзгеріп, мың құбылмаудың кепілі. Яғни хазірет Пайғамбарымыздың, сахабалардың кезінде қалай үкім берілсе, жаңадан туындаған мәселелерге дәл солай үкім беруге тырысып бағу. Бұл бірізділікті бізге мужтаһид ғалымдардың қолданған тәсілдері мен түзген ережелері таза ислам көздері қамтамасыз етеді.

Құран мен хадистерден алдыңғы буындарға ұқсап, үкім шығара білу үшін де белгілі бір қалыптар қажет. Қарапайым үйдің құрылысына қажетті кірпіш құюға қалып қажет болып тұрса, шариғат сияқты оның өлкелерде ұлыстар мен ұлттарды түзетін, салт-сана, ғұрып, дәстүрлерін сақтау, дамыту сияқты аса күрделі мәселеде қалып әлде қайда көп қызмет атқаруы тиіс. Ол қалыптар ғұламалардың үкім шығаруда қолданған өміршең тәсілдері мен ережелерінің кешенді жиынтығы ғана емес, санмәрте сансыратқан рухани дерттер мен сұрапыл соғыстардан елді, ұлтты аман алып шыққан қасиетті шамшырақ болып табылады.

Тұтас тұғырлы көздер арқылы құрылған жүйе-бірізділік Құран мен хадисті дұрыс түсіну, әрі одан дұрыс үкім шығару үшін қажет екенін түсінген болсақ, әңгімемізді хазірет Омардың оқиғасымен жалғастыралық:

«Хазірет Омар (р.а.) бір күні жалғыз өзі терең ойға шомады. Дереу Абдуллаһ ибн Аббасқа (р.а.) хабаршы жеберіп оны шақыртып алып, оған былай деп сұрақ қояды:

«Бұл үммет қалай ғана түрлі ағымдарға бөлініп кетеді? Олардың Құраны, пайғамбары және қыбыласы бір емес пе?». Сонда Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) былай деп жауап береді:

«Ей мүминдердің әміршісі, Құран біздің заманымызда түскендіктен біз қай аяттың қашан, не үшін және не жайында түскенін жақсы білеміз. Бізден кейін келетін буындар болса, олар Құран оқиды, алайда қай аяттың қашан, не жайында түскенін білмегендіктен олардың ойлары сан саққа жүгіреді.»

Бірақ хазірет Омар (р.а.) Абдуллаһтың айтқан сөздеріне ашуланып, оған ұрысты. Абдуллаһ орнынан тұрып, шығып кетеді. Алайда, Омар Абдуллаһтың айтқан сөздерін тағы ой елегінен өткізіп, дұрыс екенін түсініп оны құзырына қайта шақыртады дағы алғысын айтады». Хадисті Табарани,

Ибраһим әт-Тәймиден риуаят етеді.²² Бұл оқиғадан сахабалардың кезінде исламды ілім ретінде танып, бағалауда бірізділіктің болғанын байқаймыз. Себебі олар шарифаттың негізі – Құран мен хадисті жете түсінді. Бұл жағдай сахабаның тәрбиесін көрген табиундарға да тән. Әрине сахабалар мен табиундардың кезеңдерінде ғұламалар арасында кейбір жеңіл-желпі келіспеушіліктер туындап отырды. Алайда бұл қайшылықтар діннің негізіне қатысты мәселелерде емес, негізден тармақталып шыққан ұсақ дүниелерде ғана болатын.

Жиырмамыншы ғасырдың фикһшы ғалымы доктор Абдулкарим Зәйдан мәзһабтардың қалыптасуын былай түсіндіреді: « ... Ұлы Мужтаһиттер пайда болды ... Олардың қай-қайсысы болса да, фикһ ілімінің орнығуына, өркендеуіне қомақты үлес қосты. Олар құқықтық мектептер құрды. Ол мектептердің қабырғасында ұлы фикһшылар жетіліп, мектептердің жақтастары көбейді... Бұл құқықтық мектептер Ислами немесе фикһи мәзһабтар деп аталып, бұл атауға мәзһабтың негізін салушыларының да есімі қосылып, қатар атала бастады. (Абдулкарим Зәйдан «Ханафи мәзһабы, Малики мәзһабы т.б.» дегенді меңзеп отыр.). Бұл мәзһабтардың бір кісінің ғана атында болмай түрлі ғалымның және әр мезгілде, әр өлкеде жекеленуін Исламды бөлу, дінге жаңалық еңгізу деп түсінбеген жөн. Бұл бар болғаны олардың шарифатты түсіну методтары, оның бұлтартпас дәлелдерін (*ән-насс*) тәпсірлеудегі әдіс-тәсілдері және әлгі дәлелдерден үкім шығарудағы жолдары болып табылады. Олар әр өлкеде уақыт, дәуір, орта талабына бір текті ислам діні және одан бастау алатын «Ахли сунна уәл-жамаға» жолымен мұсылмандардың дұрыс бағыттағы қауымдастықтарын өлке ерекшеліктері мен олардың тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын да ескіріп, пікірлердің жан-жақты және терең де кең мүмкіндігін ашты. Бұл саны едәуір көп болып есептелетін мәзһабтардың ішінде әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқандары бар. Сондай-ақ, тарих сахынасынан мүлдем жойылғандары да бар. Олардың ой-пікірлерін салыстырмалы құқық кітаптары мен бүгінде өмір сүріп келе жатқан мәзһабтардың кітаптарынан ғана көруге болады».²³

Доктор Абдулкарим Зәйдан кітабында өмірін тоқтатқан мәзһабтардың аттарын береді: «Құрушылары дүниеден өтісімен немесе өлімдерінен азды-көпті уақыт өтісімен жойылған мәзһабтардың бар екенін жоғарыда айтып өттік. Сол мәзһабтарға Имам әл-Әузаидің, Суфян әс-Сәуридің, әл-Ләйс ибн Сағттің, Дәуіт әз-Заһиридің және Ибн Жәрир әт-Табаридің мәзһабтары жатады».²⁴ Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шарифатты дамытып, жалған мектептерге қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші имам Ағзам Әбу Ханифа (699–767), имам Малик (717–795), имам Шафиғи (767–

²² Һайсәми, «Мәжмауз-зауаид», I том, 162-бет; Мухаммад Юсуф Кандаһләуи, «Хаятус-сахаба», III том, 497-бет.

²³ Абдулкарим Зәйдан, «әл-Мәдхал ли диросатиш-шарийатил-Исләмийя», 130-бет, Муәссәсәтур-Рисәла баспасы, Бейрут, 2003 жыл.

²⁴ Абдулкарим Зәйдан, «әл-Мәдхал ли диросатиш-шарийатил-Исләмийя», 148-149 бб.

820), Ахмад ибн Ханбал (780–855) секілді ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келіп, ол жалпы мұсылманға ортақ «Аһлус-сунна уал жамағаттық» бірегей ғылыми негізін сақтай отырып, әр өлкелерде орнығып қызметін атқарып келеді. Бұлар ислам әлемінде ресми мәзһаб саналып, 1300 жылдан бері өз ұстанымдары бойынша амалдарын жүргізуде. Ол мәзһаб иелерінің әрқайсысы білгір ғалымдар еді. Солардың біріне мойынсұну арқылы, осы заманға дейінгі әртүрлі қайшылықтардың жолы кесіліп, алды алынып келеді. Сондықтан бұл төрт мәзһабтың бірін ұстану қазіргі заман талабы да. Соның ішінде біздің Ханафи мәзһабымыз тұла бойы адамгершілік пен бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарға бай. Бұл күндері әлем халқының төрттен бірі мұсылман болса, солардың 48% осы мәзһабта. Қалған 52% үш мәзһаб пен өзге де ағымдарға тиесілі.

Ә. Ақида

Ислам сенімі, илану негізі, «и’тиқад» сенім жүйесінде «ақида», ал осы салаға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылымды «кәлам» дейді. Өз кезегінде ол үлкен екі жікке жіктелетін а) усулуд-дин, ә) фуруғуд-дин яғни ислам негіздері мен шарифат «фикһ» мәселелеріне таразы-қазылық қызмет атқарады. Кәләм ғылымын меңгерген ғалым «мутәкәллим» аталады²⁵.

«Ақида» дегеніміз – дініміздегі басты тұжырымдар мен қағида үкімдерді иләһи тек-тамыры мен біртәңірлік таным ретіндегі пішіні мен мағына ұғымдарының желісін құрайтын сенім жүйесі дегенді білдіреді. Оны иманның негізі, сенімнің өзі десек болады.

Ислам әлемінде «Шәйхул Ислам» ислам шейхы, «Имамул һудә» Тура жолға бастаушы, «Имаму Әһлис-Суннә» Әһлі Сүннет имамы және «Әл-Мутәкәллим» деген мәртебелі аттармен аталып келген Әбу Мансұр ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Махмуд ас-Самарқанди әл-Матуриди (852-944) Самарқанд маңындағы шағын Матурид қаласында дүниеге келді. Фикһ (құқық) теориясын Самарқандағы ханафиттік құқықтанушылардан үйренді. Кейін, өзі осында фикһ пен кәламан (сенім мәселесі) дәріс берді. Әл-Матуридидің кәламдық көзқарастары алғашқыда тек Мәуреннаһрда ғана тарады. Өмір сүрген жылдары нақты белгілі болмағанымен ұстаздары мен замандастарының туған, өлген жылдарын есептей келе IX ғасырдың ортасында (шамамен 852 ж.) дүниеге келгендігі, сондай-ақ I ғасырға жуық өмір сүргендігі айтылады. Оның өмір сүрген уақытында Муғтазила мәзһабының әл-Мамун тұсында михна ұйымдастырушы топ басынан бағы тайып, халықтың талабымен әл-Мутауккилдің қаһарына ұшырап, күйрей бастаған болатын. Мәуреннаһр өлкесі фикһ пен хадис ғалымдарының пікірталас алаңы еді. Пікірталасты көбіне ханафи мен шафии мәзһабының өкілдерінің арасында өрбуіне құлшына кірісетін. Бұхарлық аталып кеткен йаһудилік ұйымдар белсенді болатын. Имам Матуриди жас шағында осындай әрбір мәселеге асқан сабырмен, терең білім, пайым-парасат талап ететін,

²⁵ А. Төлегенов, Имам Ағзам Әбу Ханифамәзһабы және қазіргі заман, конференция жинағы, - Алматы: Атамұра, 2009, 165 б.

әрбір пікір қадамын таразылап, өркениетті ақылмен екшейтін пікірталасы дамыған ғылыми-мәдени ортада өсіп ержетті.

Шыққан тегі араб па, әлде түрік пе ол жайында нақты дерек жоқ, дегенмен араб тілінде жазған шығармаларындағы сөз саптауы, тілдік қолданыс орамдары сөйлем құрылымдарының тілдердің типологиялық айырым заңдарына жатуына орай оның семидтік топтан алыс, әрі түркілік орамға ұқсас әдіспен жазылғандығына қарай оның тегі түркі болған деген көзқарас басым.

Әулеті жайында әкесі мен атасының атынан өзге (Мұхаммед ибн Махмуд) мәлімет жоқ. Әбу Мансур (яғни Мансурдың әкесі) деген лақап бойынша Мансур деген ұлы болған деп пайымдауға болады. Алайда Матуриди бір тәфсір кітабында лақап аттар жайлы жаза келе Әбу Мансур деген есімді дәстүрде, баласы жоқ адамдар Мансур ұлым болса екен деген тілекпен де қоя салатын дегенді айтады. Егер бұл кездейсоқтық емес болса, бұдан Матуридидің ұл баласы болмаған деген мағына шығаруға да біршама негіз бар.

Имам Матуриди Ханафи мәзһабының төртінші буындағы ғалымдар тобына жатады. Әбу Ханифаның шәкіртінің, шәкірттерінен білім алған кісі. Имам Матуриди фикһтық мәселелер бойынша ханафи мәзһабын ұстанды. Сондай-ақ, фикһтық мәселелермен бірге сенімдік тақырыптарда да шығармалар жазды. Ирак факиһтерінің көшбасшысы болған Имам Ағзамның шығармалардағы көзқарастарын имам Матуридидің сенімдік тұрғыдағы көзқарастарымен салыстырар болсақ олардың пікір, ұстанымды жүйелеу тәсілдері мен бағыт, мектеп ізін салу ісінде сабақтастықты, бірізділікті байқау қиын емес. Осы себептен де, зерттеушілер екі ғұламаны бір-бірінен бөле-жарып, ажыратып жатпайды. Имам Ағзам мен имам Матуридидің көзқарастарын салыстырғанда қайсы пікір кімдікі екендігін ажырату қиын. Осы тұрғыда, зерттеушілер имам Матуриди өз шығармаларында имам Ағзамның мынандай кітаптарын қолданғандығын анықтаған: ««әл-Фыкһул-әкбар», «әл-Фыкһул-әбсат», «Рисалату Әбу Ханифа ила Осман әл-Уәтти», «Уасиату Әбу Ханифа ли-тилмизиhi Юсуф б. Халид әс-Семти».

Оқып, білім алған жері мен өмірбаяны, ғылыми саяхаттары мен қажылыққа барып бармағандығы да белгісіз. Қандай да бір ресми лауазымды қызмет атқарып атқармағандығы да беймәлім. Матуриди шамамен 944ж. дүниеден озған Самарқандтың атақты Жакердизе қабірстанына жерленген. Досы әрі шәкірті Хаким Әс-Самарқанди оның мазарына мынадай мағынада сөз жаздыртады: «Бұл жерде бүкіл өмірін білімге арнаған, бар күш жігерін білімнің тарауына және үйретілуіне жұмсаған, дін жолындағы шығармалары ел аузында қалған ұлық кісі жерленген».

Матуриди кері тартпа ағымдар үлкен үрей тудырған дәуірде, ақыл мен уахидің арасын алшақтатуға жол бермей, оның орнына ақыл мен діни ілімнің үндесе үйлесім табуы арқылы діннің ілімдегі сенімнің қасиетті негіз ретіндегі жетекшілік ролінің қалыптасуына орасан үлес қосты. *Китабут-тәухид* атты кітабында оның, адамның білім алатын негіздерін зерттеп-зерделеп, сүзгіден өткізген алғашқы Мұсылман мутәкәллиммі (кәламшы) екендігі байқалады.

Бұл еңбегі, ислам ой жүйесінің тарихындағы кәламшы/ақидалық негізге байланысты жазылған әрі бізге дейін жеткен ең ескі мәтін болудан бұрын, ислам теологиясының алғашқы даму кезеңіне байланысты өте құнды мәліметтерді қамтиды. Матуриди кәлам, тәпсір, қала берді фикһ салаларында да ұғымдар жайлы өте маңызды анализ жасап, кейбір ұғымдарды жаңа қырларынан танытып, яки жаңа нұсқаларын беріп өткен.

Әбу Мансур әл-Матуриди түркі ой жүйесі тарихына да өз ықпалын тигізді. «Бағдатта бүвәйһилердің дүркіреп тұрғанында, Таберистанда зәйдилердің мемлекет құрып, исмайылшылардың/карматилердің Орта Азида, әсіресе Нәсәф, Самархан және Бәдахшанда саманилерді үрейлендіретіндей күшейіп, әрі фатими-исмайлшілердің Солтүсітік Африкада орталығы Мысырда орналасқан мемлекет құрған кезеңінде, енді ғана мұсылман болған түркілердің арасында ислами білімдерді меңгерген Матуриди сияқты ғалымның шығуы, өте таңқаларлық жайт болды. Өйткені Самархан, исламмен шамамен екі жүз жыл бұрын танысқан. Бұл кезеңнің басым бөлігі, соғыстар, ұрыс-жанжалдар мен саяси дүрбелендерге толы болды. Оның үстіне Матуриди, өзге ғалымдар сияқты, Нисабур, Рей, Бағдат, Басра, Мысыр, Шам, Куфа мен басқа да мәдениет орталықтарына саяхат жасамаған адам. Матуриди осындай алмағайып заманда әрі осыншалықты қиын-қыстау кезеңде, ғылымға ерекше ден қойып, барша түркі әлемін айналасына жинап, өз атымен аталатын итикади мәзһаб құрған. Қашқаридің *Диуану лугатут-түрк* атты еңбегі түркі тілі тұрғысынан, Фараби мен Ибн Синаның философияға байланысты еңбектері ислам философиясы жағынан маңызы өте жоғары болса, Матуридидің *Китабут-тәухид* пен *Тәуилат* атты кітаптары да түркілердің дін түсінігі мен діни ойлау тарихы тұрғысынан соншалықты маңызы жоғары болды. Өйткені оның осы еңбектерімен қатар, ақылға сай, әрі ұнамды түркілік діни таным іргетасы қаланды.

Осы тұста ислам ғалымдары Матуриди жайлы не айтқан екен:

- Әл-Мақдиси (389/990): «Ғылымның Мауераннаһр ғалымдарының ислам ғылымының шыңына жеткен аймақ - дей отырып, Матуридидің жұлдызы сол аймақта бастау алған»-дейді.

- Зубейди «Аһлус-Сунна уал жамағат дегенде еске Имам Әшғари мен имам Матуриди түседі».

- Аккирмани (1174/1760): «Құлдың амалдарын қарастыратын көптеген мәзһабтар бар екені мәлім. Алайда малғұн шайтанның кесірінен құтылу, дұрыс әрі нақты дәлелдер мен итағат еткенге сауап пен мақтау, күнәға жаза мен қиыншылық бар екендігі тек имамул-Һуда Әбу Мансур Матуриди мәзһабынан табылады»-десе, өзге де көптеген ғалымдар Матуриди еңбегін жоғары бағалап;

«Ханафи мәзһабы мен Матуриди ақидасы түркі әлемі үшін ет пен тырнақтай болды. Әрбір Матуриди, ханафи болып саналады»-деген пікірлерін жалпақ дүниеге жар сала жариялап бақты. Ол үрдістің өлкедегі орныққан жәдігерлеріне қарап бүгінгі күнде де осылай деуге болады.

Олай деуге себеп бұл мәзһаб ханафи бағытындағы, алғашқы кездері Хорасан-Мауерауннәһірден бастап, кейіннен Орта Азия, Ауғанстан,

Үндістан, Пәкістан, Шығыс Түркістан, Малайзия, Индонезия, Кавказ, Ресей, Түркия, Орталық Шығыс пен өзге де аймақтарда өмір сүріп отырған мұсылмандардың тарапынан үлкен қолдау тауып, қазіргі күнімізге дейін жеткен. Қазіргі таңда Ислам әлемінде және Батыста кейбір оқу орындарында немесе діни факультеттерде, шектеулі түрде болса да, Матуриди мен матуридилікке байланысты тақырыптар оқытылып келеді. Орта және колледждердің оқу бағдарламаларында да, матуридилік пен оның тео ақидасы енгізілген. Бүгін түркі әлемінің басым көпшілігі, ханафи мазхабының аясында бола отырып, матуридилікті өшірмей жаңғыртып келеді.

VII. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАР

Дәстүрден тыс діндер деп негізінен дүниежүзілік немесе үлкен ұлттық діндерден бөлініп шығып, бір-бірінен алшақтай отырып, қалыптасқан қазіргі діндерді айтамыз. Бұлардан бөлек дін атын жамылған деструктивті ағымдар бар.

Діндер дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлінеді. Дәстүрлі діндер деп – бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі, діни әдет-ғұрыптары, қоғамдық қатынас нормалары мен отбасылық қарым-қатынасы және белгілі бір ұлттың дәстүрлі өмір сүру формасы мен мәдени құндылықтарын жоққа шығармай, өз ілімдері тұрғысынан қабылдап, оған қарсы келмей ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырылған діндерді айтамыз. Бірақ, дәстүрлі діндерге деген әр қоғамда әртүрлі көзқарастар туындауы мүмкін, оған мысал Ресейде дәстүрлі дін дегенде православия шіркеуі айтылса, елімізде дәстүрлі дін дегенде ислам діні, оның ішінде ханафи мазхабы айтылады. Ал дәстүрлі емес діни қозғалыстар – қоғамда тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан құндылықтарды, салт-дәстүрлерді танымайтын, оны жоққа шығаратын негізгі діндерден бөлініп шыққан діни – саяси немесе тегінен ауытқыған (деструктивті) ағым.

Секта сөзі латынның «sekta» сөзінен шыққан, алғашқыда ол екі мағынада қолданылды: біріншісі - бір заттың бөлігі де екінші мағынасы- сана образы, оқу дегенді білдіреді. Бұл сөз «seca» - кесіп тастау (бүтіннің бөлігі) және «sequi» - ізіне түсу (қандай да болсын оқудың артынан ілесу) сөздерімен мағыналас. Және бұл сөздердің көрініс табу сипатына лайық «тоталитарлық секта» деген ұғым қолданылады. Демек, секта азаматтарға өз пікірін таңып мақұлдату, зорлық-зомбылық көрсету, олардың еркінен тыс әрекетпен мүлкін тартып алу, тіпті кісі өміріне қауіп төндіру сияқты істерімен ерекшеленеді.²⁶

²⁶ Секта, Толковый словарь, С.И.Ожегова; Сақ болыңыз. Секта. Дворкин А., ОҚ № (19434) 05.02.2013 ж. 4 б.

Ресейлік сектатанушы-ғалым Александр Дворкиннің «Сектаведение» атты еңбегінде көрсетілген тоталитарлық сектаның 17 белгісін былай деп тізбектеп береді:

1. Арбаушылар сенің барлық сұрақтарыңа жауап беретіндей көрінеді. Бірақ бұл алғашқы алдамшы әсер ғана. Бұл топқа қосылсаң өміріңе қиындық туғызатын үлкен проблемалар мен қайғы қасірет күтіп тұр.

2. Олар алғашқы кездесуден кейін-ақ сенің қоршаған ортаға қатысты шынайы көзқарастарыңды өзгертіп, өздерінің сектанттық ойлау жүйесін саған телуге әрекет жасайды.

3. Топтың дүниетанымы тым қарапайым және кез келген мәселені түсіндіріп беретіндей көрінуі мүмкін. Бірақ бұл сені алдап-арбаудың әрекеті. Арада аз уақыт өткенде-ақ «жаңа» көзқарастарыңның сені тығырыққа тірегенін байқайсың.

4. Топқа дәл сипаттама беру қиын. Соған қарамастан саған ешқандай ерік бермейді, ешнәрсені талқылауға және тексеруге рұқсат етпейді. Бәріне көрсоқырлықпен сенуге және дереу өздерінің орталықтарына баруға шақырады.

5. Топта міндетті түрде ұстаз, көсем, медиум немесе гуру (ежелгі шығыс діндеріндегі дінбасы) болады. Басқалар соның кез келген сандырағын ой елегінен өткізбей қабылдай береді.

6. Топтың өзіне ғана тән «ілімі» болады. Секта өкілдері дәстүрлі ғылым, дәстүрлі ойлау жүйесі мен ақыл-ойды жоққа шығарады.

7. Бөгде адамдар тарапынан айтылған шынайы сынды қабылдамайды. Топтастарын өзгелердің сөздеріне назар аудармауға шақырады.

8. Сектанттардың ойынша, әлем апатқа бет алған және оны құтқарудың жолын «біз ғана білеміз» деп есептейді. Негізінен қоғамды апатқа бастағысы келіп жүрген өздері екенін мойындамайды.

9. Секта мүшелері өздерін «элита» деп есептейді. Басқаларды ауру немесе ақымақ санайды. Шын мәнінде, олардың өздері психикалық ауруға шалдыққан болуы әбден мүмкін.

10. Олар сені тез арада топқа мүше етуге тырысады. Ол үшін сектанттар алдап-арбауға, басқа да лас әрекеттерге баруға дайын.

11. Топтың өзіне тән киіну, тамақтану үлгісі, өзгеше тілі болады. Бұл да арбаудың бір тәсілі. Оның үстіне отбасы мүшелеріңмен ортада осы мәселеге байланысты жанжал туындайды. Ал сенің отбасыңнан алшақтағаның сектанттарға тиімді.

12. Топ сені туған-туыстарыңмен, жұбайыңмен, бала-шағаңмен, достарыңмен қарым-қатынастарыңды біржола үзуге мәжбүрлейді. Әрине бұл бақытсыздыққа ұшыратады.

13. Жыныстық өміріңнің қалай өрбитіні еркіннен тыс белгіленеді. Басшылық саған лайықты серіктес таңдап береді, топтық секске қатысуды белгілейді немесе жыныстық қатынастан мүлде бас тартуға мәжбүрлейді. Сөйтіп, азғындыққа итермелейді.

14. Топ сенің бүткіл бос уақытыңды «тартып алады». Мәселен, кітап немесе газет сатқызады, жаңа мүшелерді арбауға пайдаланады, түк пайдасы жоқ курстарға баруға мәжбүрлейді.

15. Жалғыз қалу өте қиын. Топтың кемінде бір мүшесі үнемі жаныңда болады. Бұл сенің терең ойлануыңа, өзіңе сын көзбен қарауға жол бермейді.

16. Егер таңдаған жолыңның дұрыстығына күмәндана бастасаң, «уәде етілген сәттілікке жете алмасаң қандай жағдайда да бәріне кінәлі өзің боласың». «Сенімің тым солқылдақ немесе өте аз еңбектенудесің» деп өзінді айыптайды. Заңсыз жазалауы да мүмкін.

17. Топ өзінің тәртіп ережелерін толық әрі сөзсіз орындауыңды талап етеді.

XX ғасырда шыққан әдеттен тыс діндердің тек түрлерін санап шығудың өзі де үлкен жұмыс. Сол себепті біз кеңірек және тереңірек таралған кейбір түрлеріне ғана тоқтап өтіп жүрміз.

Ислам атын жамылған кереғар ағымдар

Қазіргі уақытта кез келген діни тұрғыдағы террористік және экстремистік ұйымдар мен топтардың артында алпауыт мемлекеттердің мүдделері, саяси мақсаттары жатқандығы, яғни қатыгездік діни идеологиялардың қалыптасуына шетелдік арнайы қызметтердің ықпалы бар екені белгілі болып отыр.

Мұның бір дәлелі, Интернет арқылы террористік және экстремистік веб-сайттарда дайындалған материалдарда, атап айтқанда «hunaifa.com» сайтында басылған «хукма о джихаде» атты мақалада жедел іздестіру қызметінің тәсілдері, қазіргі уақытта біздің тарапымыздан жүргізіліп жатқан насихаттық жұмыстарға тиімді қарсы тұру жолдары толығымен көрсетілген. Яғни террористік ұйымдар мұндай ақпараттармен арнайы қызметтердің мүмкіндіктері арқылы қамтылған.

Күштеу экстеризміне қарсы тұру үшін радикалды идеялардың пайда болу себептерін, өзара жіктелуін, радикалды тұлғаларды анықтау, олардың сыртқы белгілері, пікірлері және радикалдану кезеңдерін білген орынды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай радикалды діни идеологиялар, діни тұрғыдағы қатыгездік және күштеу әрекеттері, Ислам дінін Құран мен хадистің мазмұнын толық білместен тікелей қабылдап, адасудың нәтижесінде туындап отыр. Исламды осындай жолдармен түсіндіретін діни ағымдарға «неосәләфизм» идеологиясын насихаттаушыларды жатқызуға болады. Олар өздерін ешқандай өзгерістер мен жаңалықтар енгізілмеген әуел бастағы «таза исламды» ұстанушылармыз деп түсіндіреді.

Неосәләфизм идеологиясы және жіктелуі

Неосәләфизмді «уаххабизм» деп атау БАҚ-нда орын алып жүр. Ол өз бастауын ерте орта ғасырлардағы (VIII-XIII ғ.ғ.) мұсылмандар арасында бүліктер ұйымдастыруда нәтижелі жұмыстар атқарған арнайы ұйымдардың әр дәуірде әр түрлі атпен әлеуметтік – тарихи ортада орын алған ылаңдарын

ойластырып іске асырушылардың VII-IX ғ.ғ. XII-XIII ғ.ғ. XVIII – XX ғ.ғ. аралығында ислам өркениетіне қарсы үздіксіз әрекет еткен сырт күштің саяси кертартпа идеясынан алды. Ол өзінің көп мақсатты жаңа құрылымы ретіндегі жаңа қырлары мен құпия сырларын әлі толық ашып болмаған әскери – саяси күш тәсіліндегі соңғы жаңаруын Сауд Арабиясынан алатын және қазіргі барша әлемде тарала бастаған жаңа діни-саяси күш.

Уаххабизм XVIII ғасырда Орталық Арабияда пайда болып, Неджд жерінде исламды «тазарту», пайғамбар (с.а.у.) уақытындағы тәртіпке қайта «оралу» және арабтарды Осман халифатына қарсы біріктіру ұранымен белсенді әрекет еткен ішкі- сыртқы (ағылшын үкіметі) күштердің ымыраласуы нәтижесінде өмірге келді.

Шын мәнінде, аталған неосәләфи-уаххабилер біртұтас мемлекет құру айдарлы ұранына жел берген, ал шындығында олар Османлы империясының құзырындағы ислам халифатын құлату арқылы мұсылман әлемін әлсіретуді көздеген ағылшын үкіметінің сиқырлы саясатын қолдаушы, іске асырушылар болып шығады.²⁷

Уаххабизм және бүгінгі күнгі неосәләфизм аталып жүрген ауытқушылық-нацизм және гитлершіл фашизм сияқты садистік қанқұйлы әрекеттерімен әлемге әйгілі ұйымдар. Нацизм - әсіресе ұлтшылдық идеологиясы болса, ал гитлер фашизмі - аталған идеологияны іске асырған, XX ғасырдың ең сорақы қасыреті болды. Біз талқылап отырған жағдайда жоғарыда аталған неосәләфизм- сыншыл, міншіл идеология болса, уахабизм термині осы идеологияның бойына қан жүгірткен, оны жүзеге асырған адам- Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххабтың есіміне байланысты атау алған қасыретті құбылыс.²⁸ Неосәләфизм – ғаламдық экстремистік-террористік жүйенің бір тармағы саналатын қуатты әскери-саяси күрделі құрылым. Оның екі қанаты бар: діни-саяси және әскери. Әлемнің түрлі елдерінде таралған халықаралық ұйым бола тұра ол кей жағдайда діни ұйым ретінде әрекет етеді және дін еркіндігі мен сөз бостандығын желеу етіп өз мақсатына пайдаланады. Мысалы, Еуропада өз қатарына адам тартып, ұйым мүшелерін жалған әділдікке құрылған идеологиялық әдіс арқылы үгіттеп, шерулер мен демонстрациялар сияқты күш қолданбайтын акциялар өткізсе, бір елде ол әскери, диверсиялық-террорлық күш ретінде әрекет етеді. Олар әскери дайындық лагерьлері мен қару-жарақ қоймаларын неосәләфиттік қозғалыстың филиалдары бар кез келген елде емес, тек белгілі бір елдерде ғана мысалы, «Талибан» мен «Әл-Каида» ұйымдарында және Ауғаныстан территориясы мен Ауған-пәкістан шекарасында, сонымен қатар Йеменде, Сомалиде және Мали, Алжир, Ливия мен Нигерияның оған құзырлы ошақтарында орналастырады. Неосәләфи уаххаби топтарының болашақ мүшелері Ұлыбританиядан, Франциядан, Германиядан белгіленген

²⁷ А.Төлегенов Ислам атын жамылған кері ағымдар, Алматы 2012 ж.

²⁸ Сулейманов Раис «Власти Татарстана наведут порядок в республике-шариатский»<http://topwar.ru/21519-vlasti-tatarstana-navedut-poryadok-v-respublike-shariatskiy.html>.

аймақтарға діни-ағарту жұмыстарын немесе туристік саяхатты желеу еткен жолмен барады да, шындығында диверсиялық-террористік дайындықтан өтеді. Жоспарланған «тәлім» машығын меңгерген соң мекендеріне қайта оралып, «ұйқыдағы ұяшықтарды» құрумен айналысады немесе жеке-дара «ұйқыдағы можахедтер» болып қала береді. Жасырынып жүріп «күпияны» ашпауға серттескендердің астыртын әрекеті жария болмаған соң жергілікті билік оларға ешбір айып таға алмайды. Алайда уақыты келгенде олар жер-жерден пайда болатын «жаһандық жиһад» майдандарында әскери және зиянкестік әрекеттерді жүзеге асыру қажет болғанда таптырмайтын құралға айналады. Осылайша, қазіргі кезде Сирияда террористік - диверсиялық әрекеттерді жүзеге асыру, бірде үкімет әскеріне қарсы бағытталса енді бірде шалт қимыл жасалып, Франция, Германия сияқты Еуропа мемлекеттерінен шыққан неосәләфилер, тіпті, қияндағы Солтүстік Норвегиядан келген жүздеген «моджахедтер» де Сирияда жалпы тұрғындарға қарсы соғысып жатыр. Осы жерде айта кететін бір жайт, Еуропа мемлекеттерінің билік басшылары мәселенің түйіткілі көп екенін түсініп, енді өз қамын жасауға кірісті. Мысалы, Францияда Үкімет, парламенті басқосуларында соңғы кезде «Әл-Каида» және «Талибан» лагерьлерінде болғандарды заңмен қудалау мәселесі талқылануда.

Қазіргі Сирияда диверсиялық-террористік іс-әрекет жасайтын шетелдік неосәләфилер өздерінің «Әл-Каидамен» тамырлас екенін жасырмайды, олар «Ұлы Сирия халқын қолдау майданы» («Жәбха ән-нусра ли-әхл әш-Шам»), «[Ислам] үмбетінің байрағы» («Лиуа әл-Уамма»), «Ислам жақтаушылары» («Ансар әл-Ислам»), «Әбдулла Әзза [атындағы] батальондар» («Кәтәби Әбдулла Әззам»), «Ұлы Сирия әскері» («Жунд әш-Шам»), «Ислам Фатхы» («Фатақ әл- Ислам»), «Фарух батальондары» («Кәтәби әл-Фарух») топтарына бөлінген (бұл тізім толық емес). Әрине, бұлардың арасында жергілікті сириялық неосәләфилер де бар. Керісінше, «Жаратушы Алла жолындағы моджахидтер» (Әл-муджахидун фи сәбил- Алла) сияқты жергілікті сириялық неосәләфилерден құралған топтардың арасында шетелдіктер де бар.²⁹ Көптеген зиялы қайраткер ғалымдардың, тарихшылардың пікіріне жүгінсек, Британ империясы осы бағытта көп қажыр-қайратын жұмсады. XVII ғасыр бойына көптеген жас жігіттер, яғни еуропалық христиандар Ислам дінін қабылдаған неофиттер кейпінде Түркияға, Мысырға, Сирияға барып, онда ең үздік мұсылман діни оқу орындарында білім алып, «мұсылман діни ілімін меңгерген» ірі мамандарға айналды, ал шын мәнінде олар британдық арнайы қызметінің алғашқы штаттық «исламтанушылары» еді. Нәтижесінде XVIII ғасырдың басына қарай олар әлсірей бастаған Осман империясына күйрете соққы берудің тиімді жолдарын ойлап табады. Олар өздерінің айла-шарғысы ретіндегі кешенді жоспар ішінде буквализм әдісін таңдады: басқаша айтқанда, хадистер мен Құран аяттарының мән-мағынасына да емес, олардың

²⁹ Рахимбек Бобохонов «Роль и перспективы радикального Ислама после «арабской весны» <http://www.central-eurasia.com/other-actors/?uid=2068>.

үтір-нүктесіне, жеке сөздеріне жіті мән беру белең алды, ал бұл өз кезегінде дін ұстанушыны адасуға итермеледі. Нәтижеге масаттанғаны сонша, 1937 шыққан Құранның ағылшын тіліндегі алғашқы мағыналық аудармасының авторы, протестант Джордж Сейл осы кітаптың алғысөзінде: «Қазіргі кезде тек қана протестанттар Құранға шабуыл жасауға қабілетті әрі менің ойымша, тағдырдың жазуымен олардың атағы Құранды жоққа шығарумен тарихта қалды» деп жазған.

Көптеген зерттеушілер уаххабилердің қалыптасуына ағылшын протестанттарының қатысы бар екендігіне жіті назар аударды. Ислам және христиан дәстүрлі діндері атынан әрекет етуші екі бағытқа да «діни фанатизм» тән, екеуі де өз көзқарастарын насихаттау үшін барлық тәсілді, оның ішінде теріс әрекеттерді де қолданды және өз наным-сенімдерін таратуда және олар күш қолдануға (тәни және рухани) ұштасатын тәсілдердің қандайын да пайдаланады.

Уаххабилер тұжырымдамасын қалыптастыруда ағылшын арнайы органдар сарапшыларының қатысы болғанының тағы бір дәлелі - өздерін хақ сенімнің бірегей иесі санап және христиан протестанттарын басқа христиандармен салыстырғанда, «жоғарыдан» барлық күнәлары кешірілген адамдар деп бағалауы.

Сонымен қатар протестанттық бағыттың «таңдаулы өкілдері» қоршаған әлемнің рухани әрқилылығын түрлі тарихи – әлеуметтік таным тұрғысынан емес, шылғи саясиленген бүркеме әсіре соқыр сенімге негізделген кесірлі қалыпта бағалап, ислам, Құран, құндылықтарын мансұқтауды мақсат тұтты. Құран мен хадистерді өздерінше түсінетін уаххабилер де осыған ұқсас үлгі – форматтар аясында ғана «ілім» үйреніп, әрекет етуге қолы жететін «жетектеулі» күйден шыға алмайды.

Осылайша, бұл қозғалыс «уаххабизм» деген атаумен бастау алып, танымал болды. Осы жолдағы Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххабтың алғашқы әрекеті пайғамбар (с.а.у) сахабасының қабірін талқандады және Жубейлидегі Зәйд ибн әл-Хатабтың қабірін жермен-жексен етті.

1803 жылы уаххабилер Меккені, одан соң Мединені басып алып, барлық қабірлерді, соның ішінде Айшаның, Фатиманың және кейбір сахабалардың (с.а.у.) қабірлерін талқандайды. Осылайша, «бастапқы дінге оралу» ұранын желеу етіп, мұсылмандардың рухани және тарихи құндылықтарын тонау және жою етек алды. Мысалы, уаххабилердің пайғамбардың (с.а.у.) мешітінен жалпы сомасы 100 мың алтын талерге тең келетін әшекей заттарды сатқаны белгілі.³⁰

Уаххабизмнің мәні адамдарды белгілі бір қағидалар аясында әрекет етуге үндейтін өзіндік нұсқаулар;

- Оның тірегі - күш қолдануды қолдау,
- Дүниетанымды саналы түрде шектеу,
- Түсінік-ұғымдарды қарабайырландыру,

³⁰ <http://www.islam.ru/content/analytics/1233>.

-Қасиетті кітаптан алынған үзінділерден құралған мәтіндік жинақтар (манһаждар) шығару арқылы исламның мән-мақсатын тек уаххабтық идеяларға ғана шақтап, сол идеяға жұмыс істеу еді.

Осылайша, діни суррогат – жалған ілім Құран негізінде қалыптастырылып, ислам діні адамзатқа ортақ рухани құндылықтар көзі ретінде жарамсызданбақ. Яғни, адамның ақыл-ойын игерудің мықты құралы, діни-саяси құрылымдары үшін әлде біреулердің ойдан шығарған қойыртпағы - жаңа өнім пайда болмақ. Ең бастысы, оның өздерін таза исламды ұстаушымыз деушілерге арнап ағылшын арнайы қызметі әзірлеген өнім екенін айтып өту керек.³¹

Неосәләфизм жақтаушыларының әлемдегі конфессияаралық тағаттылықты бұзу әрекеттері

Неосәләфизм жақтаушыларының қаскүнемдікке барабар жәһілдік іс-әрекетінің әлемдік БАҚ пен құқық қоғау ұйымдарының сынына іліккен бір мысалы ретінде 2002 жылдың 11 наурызында Сауд Арабиясында болған оқиғаны айтуға болады. Қыздар білім алатын мектептердің біріндегі өрт кезінде саудтық теократиялық мемлекет полициясының қызметкерлері «қыздардың үстінде бастан-аяқ жабық киімі болмады» деген жалған желеумен, оқушыларды жанып жатқан ғимараттан шығармай ұстап тұрған. Одан әрі «ер адамдар мен әйелдер бір-біріне жанаспауы үшін» сылтауымен құтқарушыларды ғимаратқа кіргізбеген. Діни полицияның құтқарушыларға кедергі жасаған әрекеттері нәтежесінде 14 оқушы қыз бала қаза тапқан.³²

Сауд Арабиясының мүфтиі шейх Әбдул Әзиз бин Абдулла Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесіне (ПШАМЫҚ) мүше елдер басшыларын, оның ішінде БАӘ өкіметін осы аймақтағы барлық христиан храмдары мен шіркеулерді бұзып тастауға үндеді. «Орыс Әмірліктері» сайтының хабарлауынша, мүфти бұл үндеуін Кувейт үкіметінің өз жерінде шіркеулер құрылысына тыйым салу мүмкіндігі жайлы мәлімдемесінен соң жариялаған. Кувейт делегациясымен әңгімелесіп отырып, шейх Әбдул Әзиз ибн Абдулла бұл шағын мемлекет Араб түбегінің бір бөлшегі болғандықтан, ондағы барлық шіркеулерді жою қажет екендігін ерекше атап өткен. Сауд мүфтиі шарифат талаптарына (Мұхаммед пайғабардың (с.а.у.) тікелей бұйрығына) сәйкес Араб түбегінде шіркеулер мен синагогалар құрылысына тыйым салынғандығын еске салды.³³

Уаххабшылдық белең алғанға дейін Хиджаз (Сауд Арабиясы) өлкесінде және оған қосындас аумақ – аймақтарда да христиан және йаһудилік сенімдегі шіркеу, монастыр, синогоға, келия - теккелері өмір сүрген. Сондай-ақ олардың арасында қастандық пен қатыгездікке негізделген теріс идеология салқынын тарих білмейді. Әсіресе, жекелеген исламға дейінгі

³¹Галина Хизриева «Когда бог-трубопровод» http://ruskline.ru/analitika/2013/11/30/zoloty_e_niti_roga_shajtana/.

³² <http://lenta.ru/world/2002/02/16/Saudi/>

³³ <http://m.newsru.com/religy/19mar2012/churches.html>.

кезеңдерден бөлек, Мұхаммедтің (с.а.у.) пайғамбарлығы дәлелімен Ислам, Құран сәулесімен құрылған мұсылмандар қоғамында адамжат, нәпсіқор, діни дұрдараздық пікір-ой, идея, сенім тұрғысындағы өзімшілдік, біржақтылық, зорлық, күш қолдануға сүйенген ұстанымдар қолдау таппаған. Мұндай қылық пен құлыққа ислам түбірімен қарсы. Ондай жолды мұсылман баласы өзіне де өзгеге де қаламайды.

Осы орайда, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у) кезінде Араб түбегіндегі христиандар мен яһудилердің діни храмдары болғандығын көріп біле жүріп, мұсылмандар «Аһли китаб» өкілдерімен қарым – қатынастардың қандай деңгейінде де әр уақытта мәмілелі шешімдер қабылдай білгенін естен шығармаған жөн.

Конституцияны басшылыққа алатын әлемнің көптеген мұсылман елдеріне ашық түрде тәкфір шығаратын, радикализм, бағынбаушылық пен бүлікке шақыратын «ислам дүниесі шейхтерінің» бірінен үзінді келтіруді жөн көрдік.

Саудия шейхы Ибн Баздың пәтуасы: «Ислам шарифатына сай билік жүргізбейтін басшы кәпір болып есептеледі, себебі мұндай басшы шарифатты шетке ысырып тастап, адамдар арасында, өзара қарым-қатынастарда ойдан шығарылған заңды басшылыққа алады. Мұндай басшылық Алланың шарифатына разы болмай, шарифаттың қадірін азайтты, әрі шарифат адамдарды басқаруға жарамайды деп мәлімдеді».³⁴

Біріншіден шарифат Алланың үкімі, Құран аяттары заң – қағидаларына сүйеніп адам құрған идеология болса, оны Алланың атымен трансценденттік тұтас илаһи үкім ретінде жариялау шынайы ақиқат заңының мәртебесіне сай келе бермейтінін естен шығаруға болмайды. (А.Төлегенов, «Ислам атын жамылған кері ағымдар, Алматы 2012 ж. 52-54 бет).

Екіншіден шейх шарифат атынан фәтуа бере отырып, илаһи шарифат адам қоғамы үшін қызмет етуге лайықты мүмкіндік кеңістігінде, ижма үлгісіндегі истихсан, ихсан адат шешімдері Құран мен сүннаға қайшы келмеген жағдайда шарифат үкімдері қатарында қолданылатынын ескермей отыр. Бұл арада шейхтың сөзі шарифат та өзгенікі олай емес деген ой бар. Болмаса Алла рұхсат еткен кеңестік – шарифат үкімдері қоғамның консервативтік үлгідегі өзгермейтін жаңармайтын, дамып, өсіп, көкжиегі кеңеймейтін бір реттік қана әлеуметтік – рухани, саяси – экономикалық құрылым болуын талап етіп тұрмағаны анық. Геосаяси ықпалдастықтардың толассыз артып, қоғамның даму үрдісі күрделенген тұстағы әлемдік құбылыс жаһанданудан жанымыздан жалған ілім жасап құтыла алмасымыз анық. Осыған қарағанда Ибн Баздың ұсынысы – фатуасы түйесікұстың басын құмға жасырғаны – «страусовая политика» ғана екені көрініп тұр.

Білім алу мақсатында мұсылман емес елдерге барғандардың жағдайы жайлы сұрағандарға шейх Ибн Баз былай деп жауап берген: «Сапарға аттанушы білімді әрі ақылды болса және өз діні үшін қорықпай, білімділігі

³⁴ <https://xalifat.wordpress.com/2012/08/page/4/>.

мен даналығы арқасында адамдарды Алла тағалаға шақырып білім үйреткен жағдайдан басқа кезде бұл амалдан сақтануға шақырамын».³⁵

Ал пайғамбарымыз (с.а.у.) өз хадистерінде: «Қытайда болса да білім алындар!», «Ғылым мен өнер-мүминнің жоғалтқан мүлкі. Қайдан тапса алсын» деген. Мұнда пайғамбарымыз (с.а.у.) шариғи білім алу үшін Қытайға бару қажеттігін меңзеп тұрған жоқ, қаншалықты алыс елде болса да, білім алуға талпынуға шақырады.

Шейх ибн Баз: «Яһудилермен христиандармен қарым-қатынас оларға көмек көрсетуді білдіреді, ал сүйіспеншіліксіз қарым-қатынаспен серіктестікті орнату мүмкін емес. Ал олармен ынтымақтастық орната отырып, оларға ықылас білдірмеймін деген адам өзі-өзіне өтірік айтады деп пайымдамайтындарға қатысты сіздің көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа: «Яһудилер мен басқа да имансыздардың мұсылмандарға өшпенділіктерінде ешбір күмән жоқ әрі оларды немесе олардың діндерін жақсы көрген адамның имансыздығында күмән жоқ...», деп жауап береді.³⁶

Бұл сөздердің бәрін өтірік пен арандатуға шығара аламыз, себебі пайғамбарымыз (с.а.у.) бізді әрдайым конфессияаралық татулыққа шақырған.

Құранда «... дінде зорлық жоқ» (2/256), «Ей, күпірлік етушілер сендердің бас игендеріңе мен бас иемеймін... Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме... де» - (109/16) аяттарында, сондай-ақ Құранның көптеген аяттарында оларға «аһли китаб» кітап түскендер, оларды өздеріңе тартыңдар деген Алланың үкіміне амал қылудан шейх Ибн Баз ашық бас тартып отыр.

Ислам дініндегі төзімділік жайлы аталмыш дінді ұстанушылар қатарына жататын авторлар ғана емес, Ислам дінін ұстанбайтын көптеген адамдарды атап өткен. Мысалы, түрлі тарихи кезеңдерде яһудилердің қуғындалуы туралы іргелі еңбектерімен танымалы француз жазушысы Лев Поляков былай деп жазған: «...Ислам – ең әуелі төзімділік діні. Оны кез келген қарсылықты отпен және қылышпен жояды деген тұрғыда кең таралған көзқарас аясында қарастырудан жалған ештеңе жоқ». Мұсылман өркениетін талдай отырып, автор бұдан әрі былай дейді: «...Мұхаммедтің ілімі әлдеқайда ашық және төзімі берік қоғамды дүниеге әкелді».

Мұхаммед (с.а.у.) ешқашан өз ізбасарларына Меккедегі дұшпандарына қарсы қылыш көтеруді бұйырған емес. Керісінше (пұтқа табынушылар тарапынан көрсетілген қуғын-сүргін мен жәбір-жапаға қарамастан), төзім мен сабыр көрсетуді әмір еткен. Алайда, пайғамбарымыз (с.а.у.) Мединаға қоныс аударған соң Алла Тағала оған мұсылман мемлекетін құруды бұйырады, ол үшін билік пен құзыреттерге ие болу қажет еді. Әйтсе де, иман келтірмеген адамдармен қарым-қатынаста күш қолданбау әмір етілген болатын, сондықтан Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) тек бейбіт тәсілдерді ғана қолданған. Мысалы, яһудилер, христиандармен пұтқа табынушылармен бейбіт келісім жасалды, осылайша олардың діни саяси құқықтары

³⁵ <http://islambaza.wordpress.com/2010/05/19/34/>.

³⁶ <http://salaf-forum.com/viewtopic.php?f=48&t=6761>.

мойындалды, сонымен қатар Мединада мұсылмандармен тең өмір сүру құқығы мен өз қауымдарын мұсылмандардың араласуынсыз, өздерінің діндеріне сәйкес басқару құқығы берілді.

Қазақстандағы неосәләфи-уаххабилердің радикалдану кезеңдері

Қазіргі кезде барша әлемде, соның ішінде Қазақстандағы сәләфилер (уаххабилер) шартты түрде өзара қырғи-қабақ бірнеше топқа білінген, олардың арасындағы қайшылық негізінен саяси ұстанымға байланысты.

Неосәләфи (уаххаби)-суруриттер-заңды билікке, басқа дін өкілдеріне, зайырлы азаматтарға қатысты шектен тыс төзімсіздік танытып, өзінің саяси мақсатына жету үшін кез келген тәсілді қолданатынын, соның ішінде қарулы қақтығысқа да баратындарын айтады. Аталмыш топтың негізін қалаған Мухаммед ас-Сурур Зейнул Абидин болып табылады. Ол ағымның (топтың) идеологтары ретінде Насыр әл-Омар, Сулейман әл-Ауда және Аид әл-Қарниды атауға болады. Өздері қалыптастырған неосәләфизм идеологиясы бойынша мұсылмандар зайырлы, мемлекет заңдарына ашық қарсы шығып, олармен қарым – қатынас жасауды жөн көрмейді, бес уақыт парыз намаздарын оқымайтындарды ашық түрде кәпір деп айыптайды. Саяси мақсатқа жету үшін күш қолдануды қолдайды, т.с.с. суруриттердің топтық құрылымы мен діни-әлеуметтік ортадағы әрекеттері сипаты мен бағытына сараптамалық талдау жасағанда - «ихуан әл-муслимин» діни-саяси теріс ағымының идеологиялық тұғырларын негізге алған «неосәләфизм» ағымының бір тармағы деп анықтама беруге болады. Араб елдерінде олар қатыгездіктерімен ерекшеленсе қазақ қоғамына сыйымды болуы үшін әзірге олар азу тістерін көрсетпей, шынайы құбыжық бейнесін бүркемелеп, қашан өз мұраттарына жеткенге дейін жыртқыштық болмысын жасыра тұруды да жөн санайды. Солай бола тұрса да бағзы біреулердің тарапынан мұттайым-көлгөрсу негізінде оларға мына уахапшылдар «қалыпты салафиттер» деген шындыққа жанаспайтын мінездеме-сипаттама айдары тағылып отыр.

Сурурия тармағының бұл әдіс-айласы шиғалық теология ғылымында «тақия» (жасырыну) деп аталады. Өз кезегінде мұны олар «шиға»лық ұстанымдағы Иран мұсылмандары арасында қалыптастырылған «өтірік» пен «жалғанды» өмірде қолдану тұжырымдамасынан алған. Яғни, олардың бұл әдісінен елімізде уаххапшылдықтың «Тақияшылар» атты тармағы ортаға шықты. Суннилік сурурилер бұл пішінде шиғалық элемент-тәсілді бойына алып, бұрын болмаған «кентаврға» айналды. Ішкі ындыны айпардай анық көрінгенімен, осы тақияшылар уаххапшылардың ішіндегі ең қауіпті тармағы саналады. Өйткені тақияшылар қалың бұқараның қамын жеген болып көрініп, көпшіліктің сеніміне кіріп, ыңғайға келгенде сол ұлттың бай-мәдениетінің жаназасын шығаруға құмбыл тұрады.³⁷

Шейхтары:

³⁷ <http://e-islam.kz/islam-zhane-qagam/ishik-kategoriylar/islam-zhane-qogam/item/1227-salafiler-nege-bolindi>.

Араб әлемінен-Ибн Таймийя, Ибн Қайим, Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххаб, Әбдуләзиз Ибн Баз, Мұхаммад ибн Солих әл-Усеймин, Солих әл-Фаузан, Насруддин әл-Албани, Әбдулмухсин ибн Бадр әл-Аббад, Мұхаммед Сурур Зейнулабидин, Салман Әл-Ауда, Аид Әл-Қарни, Яхия ибн Яхия және т.б;

Орыс тілінде: Надир Абу Халид, Абу Умар Саситлинский және т.б;

Қазақ тілді: Раббани, Дарын Мубаров, Дидар, Ахмад және т.б;

Кітаптары: «Мұсылмандар жамағаты», «Тауаққуф ау табайун», «Отқа табынушылардың кезегі келді», «Аһлус-сунна ережелері», «Ғұламалар және сөз аманаты».

Неосәләфи (уаххаби)-мадхалиттер - өткен ғасырдың 1980-85 жылдары Сауд Арабиясы жерінде пайда болған, Рабиғ ибн Хади әл-Мадхали деген кісі қалыптастырған неосәләфилік топ. Өздерін орта қалыпты үмбетке жатқызғандар. Ақида мәселесінде өздерінің көзқарастарымен келіспейтін дәстүрлі сүннит-мұсылман шейхтарын және басқа дін өкілдерін (христиан, яһуди, будда) адасқандар деп есептейді. Бес уақыт парыз намаздарын оқымайтын адамдарды мұсылман деп те кәпір деп те анық баға бермейді. Бұл топ АҚШ-тың әскери базасының сауд Арабиясы аумағында орналасуының қажеттілігін шарифат тұрғысынан негіздеп береді. Сонымен қатар сол елдің билігі тарапынан үлкен қолдауға ие. Бұл топ ислам дініндегі ақида және құқықтық мектептердің ешбірін дұрыс деп қабылдамайды. Қажет болса, өздерімен ақидасы бір, бірақ, басқа пікірдегі «сәләфилердің» өзін мойындамайды. Қазіргі таңда неосәләфизімді «байсалды» және «радикалды» деп бөліп қарау қажет деген пікір бар.

Бұлардың бірі зайырлы мемлекеттің принциптерін мойындап, қарулы әрекеттерге баруды шарифатқа қарсы іс деп санайды. Ал екіншісі мемлекет тек шарифат заңдарымен ғана өмір сүруі қажет, олай болмаса, қаруға жүгіну қажет деп есептейді. Сондықтан бірінші топты біздің мемлекеттік құрылымға қарсы келмейтін болғандықтан, байсалды деп есептеп, күресіміз неосәләфизімнің екінші радикалды тобына қарсы бағытталуы керек дейді. Бұл жерде «байсалды» деп аталып отырған осы «мадхалиттер» тобы. Ал «радикалды» деп аталып отырған біз білетін суририттер - «тәкфиршілер» тобы. Неосәләфилерді мұндай санаттарға бөлу ақиқатқа қайшы деп есептейміз. Себебі, екі топ та бір мақсат-мұсылмандарды бөлу, бүлік әрекеттеріне қызмет ететін идеяны іске асыру үшін түпкі мақсатқа жұмылдыратын ақидасы бар. Олар радикалдық көзқарасты ұстанады. Бұлардың арасында кейбір саяси ұстанымдарды өздеріне бүркеншік етуде ғана айырмашылық бар. Демек, қазіргі таңда саяси көзқарастары байсалды болып көрінген неосәләфизімнің тобы сырт күштің мүдде талабына сәйкес болашақта «алтын миллиард» - әлемді өзгелерден тазарту идеясына орай қанды қырғын бүкіл әлемдік қасіретті зобалаңды орнату тетіктерінің біріне айналмасына кім кепіл болады? Осылайша кешегінің байсалды неосәләфилері бүгінгінің радикалы болып жатқандығы баршаға аян екендігі хақ.³⁸

³⁸ <http://www.antisektazko.kz/ru/component/content/article/317-article.html>.

Орыс тілді: Әбу Мұхаммад Ринат Зейнулин, Әбу Солих Наил Зейнулин, Әбу Марьям Назратуллах (тәжік, Сауд Арабиясы Королдігінде), Әбу Яхья Крымский және т.б;

Қазақ тілді: Оқтам, Ділімұрат және т.б.

Кітаптары: «Ақида мен иттибағта пайғамбар хадистерінен естелік», «Аһлус-Сунна уал жамағатты ұстанатын адамдар, кітаптар және топтардың сараптамасы», «Хадистанушы ғалымдарының дінде салған сара жолы, олардың жоғарғы мәртебесі және мұрасы», «Ақиқат пен жалғанның арасын ажырату» және т.б;

Тәкфиризм (араб тілінде - күпірлікке шығару) және «жунд халифат» (халифат әскері) термин – атаулары терроршылардың алғы шарттары мен ол жүретін алаң – аумақтарда зорлық-зомбылық, күш қолданудың бірі негізін қалады, екіншісі оны іске асыратын исламшылардың радикалды бағыты. Тәкфіршілердің қағидалары мен идеялары ислам негіздері мен үкім-заңдарын, оның ұлы рухани құндылықтары мен мақсатын өрескел бұрмалап, мұсылмандарды күпірлікке шығарған және оларды аяусыз қырып жойған харижиттердің идеяларынан бастау алады. Сол мақсат пен бағытта жұмыс істейді. Топтары түрлі боямалар мен формада басқа атаулармен түрлі кезеңдерде жұмыс істеді. ХХ ғ.б. олар жаңаша атаумен тәкфіршілер болып алғашқыда оны Шукри Мұстафаның «Мұсылмандар қауымы» («Жамағат әл-муслимин») деп атады. Оны мысырлық журналистер «Әл-Тәкфир уа әл-Хижра» («Тәкфир және Хижра») деп атаған еді.³⁹

Неосәләфия-уаххабия деструктивті ағымының бір тобы саналғанымен, тәкфіршілер олардан тәкфір шығаруға рұқсат етулерімен ерекшеленеді, әйтсе де, тәкфір шығару белгілі шарттар орындалған соң ғана жүзеге асады әрі ол тек мұсылман ғұламалары мен құқықтанушыларының құзыреті саналады. Ал аталған топ өкілдері болса ислам талаптары мен үкім-заңдарын, Құран сүрелеріндегі пайғамбарға Алланың – нұсқауларын тәркі етіп, ислам негіздері мен Құран аяттарындағы үкім-заңдарға қарсы теріс амалдар таратып әлек. Неосәләфи топтарының ішінде оларды «жиһадшы-тәкфіршілер» деп атайды.

Неосәләфи (уаххаби)-жиһадшы-тәкфіршілер - зорлық-зомбылыққа, конституциялық билікті құлатуға, қантөгіске, жиһадқа шақырып, зайырлы заңдарды «тағұттың» заңдары деп жариялауы олардың нағыз радикалды бағытын көрсетеді. Олар Қазақстанды кәпірстан деп санайды. Аһлус – сунна уал – жамаға ғалымдарын – яғни таза ислам жолын мойындамайды. Аһлус - сунна уал жамағаның ғалымдары тағұтты шайтан, пұт, балгер, сиқыршы деп түсіндіреді. Ал неосәләфи (уаххаби) - жиһадиттер-тәкфіршілердің пайымдауынша, зайырлы мемлекет пен оның билеушісі тағұт деп жарияланады. Шын мәнінде, ислам діні тек бір Құдай-Аллаға ғана құлшылық етуге шақырады. Бұл исламның негізгі өзегінен өріс алған Аһлус – Сунна уал-Жамаға жолы болып саналады. Тәкфіршілердің идеологиялық

³⁹ <http://easttime.ru/allanalytic/11.html>

тұғырнамасында бұл тұжырымның маңызы өте зор, ол кейбір мұсылмандардың діни сана-сезіміне психологиялық ықпал етудің басты құралына айналды. Бірақ олар оны өз мақсатына орай бұрмалап, оны ұлы мақсатқа құрылған адамзатқа ортақ рухани құндылықтар түзу, адамзатты ынтымақ бірлікке шақыру, адамзаттың бейбіт бақытты өмір сүруіне кепілдік болатын үкім – қағидаттарын әдейі бұрмалаған тар шеңберде пайдаланып, халықаралық, еларалық, мемлекетішілік, отбасылық қайшылықтар тудыру үшін пайдаланып отыр. Олардың діни ұстанымдары кепілдік берген: адам құқығы, мал–мүлік меншігі, дін немесе әлеуметтік рухани басқа дәстүрлі сүннит мұсылмандардың және басқа дүниетаным, көзқарас, пікір тарихи–мәдени қарым–қатынас, сауда–саттық, еңбекке еріктілік, қалау құқығы Құран, хадис шарифат үкімдеріне түбірімен қайшы келіп, исламның ұлы мақсат-мұраты мен мәртебесіне қара дақты көлеңке түсіріп отыр. Олар берген фатуалар адам қанын жазықсыз төгуге, кісіні еріксіз құлға айналдыруға, мал–мүлкін талап, өздерін мазақ етіп, небір зұлымдықтарға жол ашып отыр.

Шейхтары:

Араб әлемінен- ибн Таймийя, ибн Қаййим, Мұхаммад ибн Әбд әл-Уаххаб, Усама бин Ладен, Әбу Мусаб ас-Сурий, Айман аз-Зауахири, Әбу Мунзир аш-Шинқинти, Әбу Мұхаммед Әл-Мақдиси, Абдулқадир Абдуләзиз, Әбу Қатада Әл-Филистини, **Мұхаммад Арифиде, Әбу Бәкір әл-Бағдади, Мұхаммад Хассан, Әбу Мұса аш-Шишани, Абдулла Юсуф Аззам** және т.б.

Орыс тілді: Саид Бурятский, Доку Умаров, Муса Абу Юсуф аш-Шишани, Әли Әбу Мухаммад (Кавказ имараты) және т.б.

Қазақ тілді: Халил Абдужаббаров (Сауд Арабиясы Королдігінде) және т.б.

Кітаптары: «Ибрахим милләті»- Әбу Мұхаммад Әл-Мақдиси, «Жиһад пен ижтиһад: манхаж турасында пікірлер»- Әбу Қатада Әл-Филистини, «Әлемдік исламға қарсы күштің дағуаты»- Әбу Мусаб әс-Сурий және т.б.

Шартты түрде үшке бөлінген ағымдардың үшеуі де бірін-бірі ауыр күнәға батқан, адасушылар деп айыптайды, өз сөздеріне дәлел ретінде олар Мұхаммад пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінен дәйек келтіреді. Хадис мазмұнына сәйкес, олардың бірі адасқан харижиттер ағымының бүгінгі ізбасарлары, ендеше дереу олардың көзін жою қажет, ал о дүниеде олар тамұққа түседі делінген. Неосәләфизм-уаххабизм идеологиясына сай үш топ та бір-бірі туралы осындай пікірде екенін жақсы біледі әрі осыған байланысты іштей арпалыс олардың бірігуін талап етеді. Алайда зерттеу нәтижесі көрсеткендей қатал шындық – олар ешқашан өзара біріге алмайды. Себебі бұларды құру, жетілдіру, түрлі тапсырмаларды орындау, уақыт, жағдай талабына орай қайта ұйымдастыру, түрлі мекемелер арқылы әртүрлі мемлекеттердің мүддесіне сай әр басқа геоаймақтарда бүлік ұйымдастыру т.б. жұмсау кілті ең жоғарғы қанқасап құпия да сұрқия топтың қолында. Ол топтың ежелгі заманнан бүгінге дейінгі «силсиласы» көпке мәлім. Ал мына орындаушы жауыздар өз әрекеттерінде солар салған мектептер: шиға және

оның тармақтары, хриджиттер, мұрджиилер, муғтазила, сопылық тариқаттар, Бабидтер, Абхалар, Бахаилер, Ахмадилер, мұсылман бауырластығы, хизбут – тахрир, тәкфир, жиһадшылар, таблиғ жамағаты, уаххаби-сәләфилер кешеден бүгінге дейін сол идеологияны іске асырушылар. Олардың ұстаным – көзқарастары, әлеуметтік – саяси ойын жүргізу жоба-жоспарлары, оны іске асыруда қолданылатын әдіс – айла, тәсілдері, дәуірлік, кеңістік, уақыт, заман, қоғам айырмашылықтарына қарамай қолданған құпия мақсат – ой идеясы мен олардың атқарылуы және нәтижені бақылау қызметіндегі символдық ишара белгі, терминдік атау сөз қолдану үрдісі бірі екіншісінен туындап отырған бір анадан туған, бір атадан ғана өрбіген жасанды жансыздай жанкешті, зұлымдықтан өзге берері жоқ бірегей құбылыс екенін көрсетіп отыр.

Олардың қай-қайсысы да тақлидті жоққа шығарғанымен, шын мәнінде өз шейхтарына еріп, тақлид жасайтындарын мойындамайды. Сондай-ақ, сүнниттік мәһабтардың бірін ұстануға болатынын қанша теріске шығарғанымен, өздері әлдеқашан жеке мәһаб құрып алған.

Жиһадшы-тәкфиршілерден басқа барлық заманауи неосәләфи-уаххабилердің ұстанымында логикалық тұрғыда ешқандай жүйе жоқ. Өздері басшыға бағыну жүйесінде болғандықтан, олар ҚМДБ мен мешіт имандарына бағынуы тиіс, себебі, Президент басшылық ететін біздің әлеуметтік, саяси- экономикалық, құқықтық – демократиялық мемлекетіміз осыған үндейді. Бірақ неосәләфи-уаххабилер үшін басшыға бағыну ережесі «қолданысқа жарамай қалады». Өйткені, олар ҚМДБ мен мешіт имамдарына бағынуға құлықсыз, сондықтан да олардың басшыға бағынуға деген әдемі ұрандары мен үндеулері жалаң сөз күйінде қалады.

Оның үстіне, барлық неосәләфи-уаххабилер өз қатарларына адам тартуда интернет-кеңістікті тиімді пайдаланады, олар Қазақстан ғаламторын да жаулап алды. Мақалалар, сұрақ-жауаптар, аудио және бейнесабақтар, т.б. материалдар үзбей жарияланатын көптеген сайттары бар.

Бірақ «қалыптылығы күмәнді» саяси көзқарасына қарамастан, уақытша күш қолданудан бас тартып, басшыға бағынуға үндейтін құбылмалы ұстанымдарына қарамастан, неосәләфизм-уаххабизмнің кез келген бағыты жалпы бейбіт өмір тыныштығын бұзып, қалыптасқан саяси-экономикалық құрылымдар жүйесі мен рухани-мәдени, діни-әлеуметтік ұстанымдардың институционалды тетіктерін терістеп қана қоймай оларды жоюға ұмтылысы бір-мезеттік көңіл күй ауанына байланысты ғана емес, түбегейлі бағдарламаларға сүйенген жоспарлы әрекеттер жиынтығынан тұратын болғандықтан ол қазақ ұлтының келешегіне де қауіп төндіретін ағым. Себебі олар қазақ мұсылмандарының тарихи жолы мен тәжірибесін теріске шығарады. Мұсылмандық VIII-XIV ғасырларда ұлыстар мен рулардың басын біріктіріп, саяси одақ құру барысында қазақ этносының қалыптасу негізіне исламдық интеграциялау, біріктіру, ұйыстыру қызметінің арқасында жергілікті ортада әлеуметтік-тарихи да рухани-мәдени де терең тамырлаған біртұтас халықтық күш екенін ескермейді. Есесіне, осы бағытты үш топтың

өкілдері де қазақ халқының арғы заманнан бері Ислам дінін ұстанғанын мейлінше жоққа шығаруға ұмтылады.

Үш топтың үшеуі де ақида яғни, діни сенім мәселелерінде, Алла Тағаланың сипаттарына қатысты бірдей тұғырнамаға сүйенеді.

Үш топқа да қатысты сипаттамалар:

- Ұқсас діни кітаптарды оқиды; бірдей авторларға сілтеме жасайды (Ибн Таймийя, ибн Қайим, Мұхаммед ибн Әбд әл-Уаххаб);

- Алла Тағаланың сипаттарына қатысты негізгі діни мәселелерді түсіндіруде ұстанымдары бір;

- Ұлт, тіл, тарих, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениет сияқты ұғымдарды жоққа шығарады.

Аталмыш топтардың бір-біріне тек саяси көзқарастары, радикалдану деңгейі мен қарсыластарына қарсы ұстанатын айла-тәсілдеріне қатысты айырмашылықтар бар. Дегенімен, олардың арасында радикалдық және ұстамсыздық айырмасы шартты түрде ғана деп баға беруге негіз бар. Көптеген әлемдік діни сарапшылар бүгінгі «қалыпты» суруриттер мен мадхалиттер-ертеңгі радикалды тәкфирит-жиһадиттер деп есептейді. Қазіргі таңда жер-жердегі «қалыпты» ұстанымдағы уаххаби-суруриттердің террористік және күш қолдану әрекеттерін жасаудан шімірікпейтін шектен тыс радикал-тәкфиритке айналып шыға келетінін күн сайын көріп те жүрміз.

«Нұрлы білім қоғамдық бірлестігі» шығарған Әдістемелік құралда (2014 ж. 32-33 бб.), бұқаралық ақпарат құралдарының бейресми мәліметтеріне жүгінсек, Жезқазған мен Сәтбаев қалаларынан 40- тан астам жігіттер мен қыздары егемен Сирия жеріндегі соғысқа аттанып кеткен. ҚМДБ өкілдері Сирияға аттанған жастардың ата-аналарымен сұхбаттасу барысында олардың шектен тыс радикалдарға жатпайтынын анықтады. Аталған мамандардың пікірінше, оларды «қалыпты» неосәләфи-уаххабилер деп сипаттауға болады,- деп мәлімет берген.

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» - демекші мұндай бүлікшіл діни жікшілдік мына аталғандарға қатысты қалай, қайдан, қайтіп пайда болған-дегенге жауап: бірнеше ғасырлар бұрын да мұндай талас-тартыс, идеялар сыйымсыздығы немесе қарсы күштердің арандатуымен бір-біріне кереғар топтарға мұсылмандарды бөлу әрекеті орын алды. Олардың түрлі топтары бар. Біз сөз етіп отырған топтың идеологиялық бағытының қалыптасуына немесе бүгінгі неосәләфи-уаххаби ағымын қолдаушылар қатарына өтушілер мынадай ғалымдар мен оларға еліктеушілердің еңбектерін оқыған.

Сенім (ақида) мәселелеріне қатысты Ибн Таймийяның «Ақида әл-Уасатыя», шейх Усейминнің аталмыш кітапқа түсіндірмесін, Ибн Әбд әл-Уаххабтың «Үш негіз», Мұхаммед Масумидің «Мәзһабтар туралы», т.б. Бұл еңбектердегі ислам қағидалары мен талаптарын тарихи оқиғалар тұсындағы тар шеңберлі немесе бұрмаланған жолмен пайдаланылған тұжырымдамалар негізінде қабылдаған жастар желікті жаңалық ретінде таратуға әуес арзанқол ой-пікір жетегінен шыға алмай жүрген Дарын Мубаров, Ахмад, Дидар,

Дильмұрат тағы басқалардың уағыздарын, аудио және бейне дәрістерін тыңдау арқылы ол ортаға қалай тартылғанын аңдай алмайды.

Байыптап қараған кісіге «қалыпты» ұстанымдағы шейхтар уағыздарына ден қойған осы адамдардың зорлық-зомбылыққа және радикалды шешімдерді қабылдауға бейімділік танытуының өзі бір қыдыру мәселелердің бетін ашса керек. Бұдан шығатын қорытынды – неосәләфи-уаххабилердің «бейбітсүйгіш бейнесі» - радикалданудың бастапқы кезеңі ғана, олар уағыз-насихат арқылы жастар сенімін иеленуге ұмтыла отырып, қызығы мен құпиясы қатар жүретін ұғымдарды пайдалану тәсілімен Алла Тағаланың сипаттарын түсіну, таухидтің, иманның және амалдардың аражігін ажырату мәселелеріне қатысты мұсылманның ой-санасын ислам негіздеріне және оның жалпыға ортақ «уасатиялық қызметіне» қайшы басқа арнаға бұрып, түбірімен өзгертуді көздейді. Мұндай идеологиялық өңдеуден өтіп, қатыгездік қалыпқа енген кез келген білімді және зиялы адамның өзі «жаннаттағы мәңгілік өмір» үшін деген жалған ұранның «көршаһидіне» оп оңай айналып кете береді. Содан соң олар кез келген елде жазықсыз адамдардың қанын төгу үлкен күнә екенін ұғуға қабілетсіз болып қалады. Олардың көзқарастарына сәйкес, мақсатқа жету жолында қандай да құрбандықтарға баруға болады.

VIII. ДІНИ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

Қазіргі таңда діни ақпарат көздерін шартты түрде 4 негізгі түрге бөлуге болады:

1) *Кітаптар, журналдар мен газеттер.* Бұл топқа кітапшалар, буклеттер мен парақшалар да кіреді. Аталмыш баспа өнімдерінде ҚМДБ мен ДІК сараптау комиссиясымен мақұлданғандығы жөніндегі мөр немесе арнайы жазу болуы өте маңызды. Яғни, аталған белгінің болмауы кез келген әдебиеттің күмәнді ақпарат екенін білдіреді. Қолыңызға қажетті мөрі (жазуы) жоқ әдебиет түссе, міндетті түрде ҚМДБ бөлімшесіне (мешіт) апаруыңыз қажет.

2) *ҚР территориясындағы мешіттер.* Сіздер діни білім алу мақсатында мешітке барасыздар. Бұл жалғыз дұрыс шешім, алайда, мешітке ұстанған діни немесе сенім түсінігі әр түрлі адамдар кіре алатындығын ұмытпау қажет. Яғни, мешітте сізді жылы сөздермен қызықтырып, санаңызды улауды көздеген жалған уағызшыларды да кездестіруге болады. Аталмыш жағдайларды болдырмау үшін діни ақпаратты тек мешіт қызметкерлерінен-жоғары біліктілігі бар теологтар, дінтанушылар, имамдар мен ұстаздардан алуыңыз қажет.

3) *Ғаламтор кеңістігі.* Қазіргі кезеңде интернеттен өзіңізге қажетті ақпараттың мол көлемін табуға болады. Дегенмен, ғаламтордағы ақпараттың барлығы дұрыс және сенімді бола бермейді. Демек, интернет пайдаланушыларда ақпарат ағынының ығына жығылмайтын, мәліметтердің оң және теріс екенін айыра алатын ішкі сүзгінің (фильтарция, иммунитеттің) болуы шарт.

Қазақстандағы барлық мешіттер ҚМДБ-ның бөлімшелері болып есептеледі. Әр мешіттің ғаламтор кеңістігінде өзінің ресми сайты бар. Төменде діни тақырыптарға қатысты сенімді ақпараттарды алуға болатын сайт атауларының тізімі берілді.

Дәстүрлі Ислам туралы сайттардың ұсынылған тізімі:

№	Сайттардың атаулары	Қалалар
1	www.muftiyat.kz	ҚМДБ-ның ақпараттық ресми сайты
2	www.ummet.kz	Астана қаласы
3	www.muslim.kz	
4	www.sunna.kz	
5	www.azan.kz	Алматы қаласы
6	www.e-islam.kz	
7	www.pvlmeshit.kz	Павлодар облысы
8	www.hibatulla.kz	Жамбыл облысы
9	semey-meshet.kz	Семей өңірі
10	www.aqmeshit.kz	Қызылорда облысы
11	oral-islam.kz	БҚО, Орал
12	www.ahmetishan	Жезқазған аймағы
13	www.assalam.kz	Өскемен аймағы
14	www.nauan-hazret.kz	Ақмола облысы
15	www.akmechet.kz	Қостанай облысы
16	www.nurgasyr.kz	Ақтөбе облысы
17	www.atyrau-islam.kz	Атырау қаласы
18	www.oko-meshit.kz	ОҚО, Шымкент
19	www.sko-kmdb.kz	Қызылжар мешіті
20	www.ihsan.kz	Қарағанды облысы

4) *Туған-туыстар, дос-жарандар, қызметтестер мен таныстар.* Ақпарат көздерінің келесі түрі-сіздердің туыстарыңыз, достарыңыз бен таныстарыңыз. Оларға араларыңыздағы жақындықты пайдалануға мүмкіндік бермеңіз, қырағылық танытып, сөздерін ресми түрде мешітте қызмет ететін біліктілігі жоғары теологтар мен дінтанушыларға тексертіңіз.

Маргиналдау, одан ары радикалдау мақсатымен деструктивті ағымға тартумен айналысатын адамдарды кезіктіру мүмкіндігі бар орындар:

√ Қоғамдық көлікте;

√ Дүкенде;

√ Мәдени-сауық орталықтарында (демалыс орындары, би алаңдары, кинотеатрлар, театрлар, мұражайлар, көрмелер, түрлі үйірмелер, секциялар, спорттық залдар, моншалар, сауналар және т.б.);

√ Мешітке бара жатқанда немесе қайтар жолда;

√ ҚМДБ бөлімшелерінен (мешіттерден) тыс, пәтерлерде, тіл үйрету орталықтарында (қайырымдылық қорларында), жеке пансионаттарда және т.б. жерлерде болатын түрлі кездесулерде, жиналыстарда, семинарларда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы (№ 483-IV 11.10.2011 ж) // <http://adilet.zan.kz>.
2. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына түсініктеме – Астана: 2012.
3. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ Бас Ассамблея резолюциясы) № 217 А (III) // <http://adilet.zan.kz>.
4. Қазақстан Республикасының «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» (28.11.2005 № 91) заңы // <http://adilet.zan.kz>.
5. Асан А.Т., Балапанова А.С., Козырев. «Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты». Монография. 2013 ж.
6. Жандосова Ш.М. «Дін және діни қарым-қатынас саласындағы шет елдердің мемлекеттік саясаты» // <http://www.group-global.org>.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>.
8. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына түсініктеме – Астана: 2012.
9. Ғалым Жүсіпбек. «Зайырлылықтың екі үлгісі: Қазақстанның қандай жолмен жүргені жөн?» <http://semeu-meshet.kz/node/6511>.
10. Жалмурзаев Б.Қ. «Зайырлылық». <http://e-islam.kz/kz/contents/view/1633>.
11. Ә. Нысанбаев., С. Колчагин. «Зайырлылық және ұлттық идея» // <http://www.madenimura.kz/kk/materials/publications/national-idea/>.
12. Д. Кенжетай. «Зайырлы ел болу және дін ұстану мәселесі» // <http://e-islam.tarmpi.kz/index>.
13. Д. Кенжетай. «Қазақстандағы діни ахуал туралы ғылыми сараптама...» // <http://pazylbek.wordpress.com>.
14. М. Бесбаев. Мемлекеттің зайырлығы деген не? <http://www.oksh.kz/arhive/156/11.htm>.
15. Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңы» (20.10.2008 ж № 70-IV) // <http://adilet.zan.kz>.
16. «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 24.09. 2013 № 648 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648>.
17. «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz>.
18. ОО «Болашак», «Список террористических и экстремистских организаций, запрещенных по решению суда на территории Республики Казахстан». г.Тараз, 2014 жыл.
19. Р.М.Сыздықов, «Әдістемелік құрал», «Нұрлы білім» ҚБ. Тенгри баспасы. Қарағанды 2014 ж.
20. Ғ.Есім, «Дінтану негіздері», Алматы 2003 ж.

21. М.Ж.Бұлұтай, «Ата баба діні», 88 б. Алматы 2000 ж.
22. «Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабы және қазіргі заман», - Алматы: Атамұра, 2009 ж.
23. Исаұлы М. Жолдыбайұлы Қ. «Ислам Ғылымхалы».-Алматы.
24. Назарбаев Н.Ә. «Ғасырлар тоғысында».- Алматы, 1996 ж
25. М.Бұлұтай, «Дін және Ұлт», Алматы, «Арыс» баспасы, 2006 ж.
26. Назарбаев Н.Ә., «Сындарлы он жыл», Алматы, «Атамұра», 2003 ж.
27. Байтенова Н.Ж., Абжалов С.У., Бейсенов Б.К., Борбасова К.,М. және т.б. «Қазіргі Қазақстандаты жаңа діни ұйымдар». - Алматы, 2010. - 320 б.
28. <http://muftyat.kz/>
29. <http://din.gov.kz/>
30. Жуманова Ғ., «Жаңа діни ұйымдардың деструктивті мәні», Ақиқат. - 2010.
31. «Дәстүрлі дін және адасқан ағымдар», – Шымкент: Кітап ЖШС баспасы, 2011 ж.
32. «Елімізде тыйым салынған және дәстүрлі емес діни ағымдар – 1,2,3», - Шымкент: Нұрдана ЖШС баспасы, 2013 ж.
33. Артемьев А.И. Дінтану: «Жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер». - Алматы, - 2008 жыл.
34. «Қоғам және дін», Шымкент: Кітап ЖШС баспасы, 2011 ж.
35. Хизметли С., Орта Азия Түрік елдеріндегі зиянды ағымдар және миссионерлік, – Алматы: Эверо баспасы, 2006 ж.
36. Данағұлов А., «Исламның фундаментализм мен радикализмге көзқарасы». Ислам және еркениет.- 2007. - №5.
37. Әбдісаттар Дербісәлі, «Дінді сату - Отанды сату», Иман журналы (№ 3-10).
38. Абдуллаһ аль-Кахтани, "Олар кімдер (уаххабшылар-салафшылар)?", Қазан - 2007ж.
39. Шалдықұлы Қ., Қабылова А.С., Жұрынбаев Е.С., «Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігі», – Алматы: Өлке баспасы, 2011 ж.
40. А. Төлегенов, «Ислам атын жамылған кері ағымдар», Шымкент – 2012 ж.
41. «Менің таңдауым – Ханафи мәзһабы», Нұр-Дана баспасы. Шымкент – 2013 ж.